2 Сұлу саздың сиқыры

8 АВТОНАРЫҚ һәм ҚАУІПСІЗДІК

14 желтоқсан, сенбі 2024 жыл

Сыр бойы

95 жыл

№192-193 (20866-20867)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

ПРЕЗИДЕНТ

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ – АЗАМАТТЫҚ БОРЫШ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жетісу облысына сапары Қаратал ауданында жалғасты. Мемлекет басшысы Ескелді би ауылында биыл пайдалануға берілген мәдениет үйі мен спорт кешенінің ғимараттарын аралап көрді.

Жергілікті бюджет есебінен бой көтерген 150 орындық мәдениет үйінде кітапхана, әжелер мен домбырашылар ансамбльдері, би үйірмесі секілді ұжымдар орналасқан.

Мемлекет басшысы ауыл кітапханасымен танысты. Сондай-ақ өнерпаз балалармен жүздесіп, еліміздің лайықты азаматы болып өсуіне тілектестік білдірді.

Президент мәдениет үйіне музыкалық жабдықтар мен суретші Ә.Баяндиннің картинасын тарту етті. Биыл облыстың шалғай ауылдарындағы бес мәдениет үйі күрделі жөндеуден өтіп, сегіз клуб жаңадан салынған. Сонымен қатар бұқаралық спортты дамыту мақсатында елді мекендерде 15 шағын спорт нысаны ашылды. Соның бірі – Ескелді би ауылындағы спорт кешені. Ауыл тұрғындары мұнда тоғызқұмалақ, шахмат, дойбы үйірмелеріне, бокс, күрес, волейбол, баскетбол секцияларына қатысады. Президент ауыл балаларымен әңгімелесіп, мемлекет тарапынан өскелең ұрпақтың алаңсыз білім алуына, спортпен айналысуына қолайлы жағдай жасалатынын жеткізді.

Бұдан кейін Мемлекет басшысы Үштөбе қаласында орналасқан Кемел Тоқаев атындағы орта мектепке барды. Қасым-Жомарт Тоқаевқа мектеп директоры Ләззат Испанова оқушылардың жетістіктері туралы айтып, жазушы мұражайымен таныстырды. 1997 жылы құрылған музейге қаламгердің тұтынған заттары, фотосуреттері, құжаттары мен кітаптары қойылған. Президентке жазушының өмірі мен шығармашылығына арналған зияткерлік ойын және повестерінің желісі бойынша шағын қойылым көрсетілді.

2-бет

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ СЕМИНАР

«АУЫЛ АМАНАТЫ»: ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ ӨЗГЕ ӨҢІРЛЕРГЕ ҰСЫНЫЛДЫ

Бейсенбі күні облыс әкімдігінде «Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыру барысы талқыланған республикалық семинар өтті.

3-бет

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫҢ ӘЛЕУЕТІ – ҚОҒАМ АЙНАСЫ

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова, облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Н.Бекежанов атындағы театрда, «Оқушылар сарайында», С.Ысқақов атындағы Қызылорда құрылыс және бизнес колледжінде мектепке дейінгі, орта, техникалық, кәсіптік білім беру ұйымдарының қызметкерлерімен кездесті.

3-бет

ҒАСЫРЛЫҚ ҒҰМЫР ҒИБРАТЫ

Биыл – Халық жазушысы, Қазақстанның Еңбек Ері, КСРО Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, майдангер Әбдіжәміл Нұрпейісовтің туғанына 100 жыл.

Қаламгердің ғасырлық мерейтойына орай жер-жерде іс-шаралар ұйымдастырылуда. Бұған дейін жазушының туған жеріндегі Беларан төбеде рухына бағышталып ас берілді. Алматы қаласында Қазақ ПЕН клубы және Қазақстан Жазушылар одағының мұрындық болуымен халықаралық деңгейде екі бірдей ғылыми-танымдық конференция өтті. Облыс әкімінің қолдауымен жарыққа шыққан «Біздің Әбе» атты естелік кітаптың тұсауы кесіліп, тұрған үйіне тақта ілінді. Іс-шаралар 8-9 қараша күндері Аралда жалғасын тауып, қонақтар ұлы жазушының әдебиет үйіне экскурсия жасады. Қазақ күресінен республикалық турнир және халықаралық суретшілер симпозиумы өтіп, шығармашылық байқау қорытындыланды.

Әбдіжәміл Кәрімұлының 100 жылдығына орай 18 желтоқсанда Қызылорда қаласындағы «Өнер орталығында» «Әлем таныған Әбе» атты еске алу кеші ұйымдастырылмақ. Ал 19 желтоқсан күні Арал ауданында қорытынды іс-шаралар өткізіледі. Ә.Нұрпейісовтің әріптестері, ізбасарлары, шәкірттері, жалпы қазақ әдебиетінің бүгінгі көрнекті өкілдері, ақын-жазушылар қатысатын іс-шаралар аясында «Балықшылар аллеясы», мұражаймен, жаңадан пайдалануға берілетін нысандармен, Ә.Нұрпейісовтің әдебиет үйімен танысу және «Құрмет кітабына» естелік жазба қалдыру рәсімдері бар. Сондай-ақ «Әбдіжәміл – феномен» атты жазушының шығармашылығы мен өмір жолына арналған көрме және суретшілер симпозиумында салынған туындыларды тамашалауға болады.

Аралдағы аудандық мәдениет үйінде «Ғасырлық ғұмыр ғибраты» атты республикалық ғылыми-танымдық конференция өткізіледі. Қаламгердің рухына бағыштап ас беру, түстен кейін «Қуатты қалам иесі» атты республикалық парасатты поэзия фестивалі және «Қан мен тер» романының желісі бойынша қойылатын спектакль қазақ әдебиетінің абызын дәріптеуге арналған іс-шараларды толықтыра түспек.

Әйгілі қаламгердің шығармашылығы мен тұлғалық болмысы турасында естеліктерді газеттің 4-5 беттерінен оқи аласыздар.

САПАР

АУЫЛҒА ҚАМҚОРЛЫҚ – БОЛАШАҚҚА ҚАМҚОРЛЫҚ

Тәуелсіздік күні қарсаңында «Ауыл аманаты» жобасына қатысушылар арасындағы үздік шаруашылыққа арналған республикалық конкурс қорытындыланды. Бұл туралы «AMANAT» партиясының баспасөз қызметі хабарлады. Іс-шараға Мәжіліс спикері, «AMANAT» партиясының төрағасы Ерлан Қошанов, Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова, Премьер-министрдің кеңесшісі Ералы Тоғжанов, Қызылорда облысының әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысты. Өз сөзінде Ерлан Қошанов осы күні халықтың шамамен 40%-ы ауылдық жерлерде тұратынын, сондықтан Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің сайлауалды бағдарламасында ауыл тұрғындарының тұрмыс жағдайын жақсарту және әл-ауқатын арттыру мәселесіне ерекше назар аударғанын атап өтті.

– Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «AMANAT» партиясы ел игілігі үшін белсенді жұмыс істеп жатқан «Ауыл аманаты» жобасын іске қосты. Биыл біздің партия жобаға қатысушылар арасындағы үздік шаруашылықтар мен кооперативтерді жұртқа көрсету үшін арнайы конкурс өткізді.

2-бет

ӨРКЕН

ЖЕТІ ҚАБАТТЫ ҮЙЛЕРГЕ ТҰРҒЫНДАР ҚОНЫСТАНДЫ

Тәуелсіздік күні қарсаңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев тұрғын үй кезегіндегі азаматтарға жеті қабатты 84 пәтерлік 6 жаңа тұрғын үйдің кілтін табыстады. Рәсімге Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген Премьер-министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова, жауапты сала басшылары, еңбек ардагерлері мен қала тұрғындары қатысты.

2-бет

Валюта бағамы $ 522,91 kzt € 548,85 kzt ₽ 5,05 kzt

Ауа райы +5⁰ +7⁰ 0⁰ -1⁰

№192-193 (20866-20867) 14 желтоқсан, сенбі 2024 жыл

ЕЛГЕ ҚЫЗМЕТ ЕТУ – АЗАМАТТЫҚ БОРЫШ

Мемлекет басшысына «Кемел Тоқаев атындағы қайырымдылық қоры» атқарған жұмыстар жөнінде баяндалды. Биыл қордың құрылғанына 15 жыл толып отыр.

Мемлекет басшысы Үштөбе қаласында орналасқан Қаратал ауданы қорғаныс істері жөніндегі бөлімінің ғимаратын аралап көрді. 1983 жылдан бері қолданыстағы нысан биыл күрделі жөндеуден өтіп, қазан айында аталған мекемеге берілген.

Қорғаныс министрі Руслан Жақсылықов Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас Қолбасшысына Smart-әскери комиссариат жобасы туралы баяндады. Жаңа бастамаға сәйкес азаматтар автоматты түрде әскери есепке алынады.

Министрдің айтуынша, жыл сайын 17 жастағы 160 мыңнан аса жасөспірім автоматты түрде әскери есепке тұрғызылады. Сондай-ақ министрлік жұмылдыру ресурстарының ақпараттық жүйесін құрған. Цифрлық трансформация Қазақстандағы 16 мен 60 жас аралығындағы барлық ер азаматты қамтиды. Бұл жұмыс қағаз нұсқада жүргізілген кезде есепте 2,5 миллион азамат болған. Ал цифрлық форматқа көшкеннен кейін олардың саны 6,8 миллионға жеткен.

Бұдан бөлек, IT саласы бойынша білімі бар сарбаздар «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатына сәйкес Armia.kz ақпараттық қызметін жасап шыққан. Аталған жоба тәрбие және идеологиялық жұмыстарды ұйымдастыру мақсатында жасанды интеллект арқылы әзірленген. Ата-аналармен кері байланысқа ыңғайлы бұл қызметтің мобильді нұсқасы да бар.

Қасым-Жомарт Тоқаев әскерге шақырылған азаматтармен әңгімелесіп, оларға Отан алдындағы борышын өтеуде сәттілік тіледі.

– Елге қызмет ету – азаматтық борыш. Бұл – өте маңызды жұмыс, қасиетті парыз. Үлкен әскери мансаптарға жетіп, генерал атаныңыздар. Азаматтық міндетті абыроймен атқарыңыздар. Антқа адал болыңыздар! – деді Мемлекет басшысы.

1-бет

ЭНЕРГЕТИКТЕР МАРАПАТЫ

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Энергетик күні қарсаңында отандық энергетика саласындағы жемісті еңбегі, Қазақстан Республикасының инфрақұрылымдық дамуына қосқан үлесі үшін жүзден астам жұмысшы мемлекеттік наградалармен марапатталды.

Атап айтқанда, 1 азамат «Парасат» орденінің және 19 энергетик «Құрмет» орденінің кавалері атанды, 36 жұмысшы III дәрежелі «Еңбек даңқы» орденімен наградталды, 56 маман «Ерен еңбегі үшін» медалінің иегері болды.

СҰЛУ САЗДЫҢ СИҚЫРЫ

Сыр елінде «Руханият жылы» аясында Әлем әртісі, Қазақстанның Халық әртісі, Еңбек Ері, академик Айман Мұсақожаеваның шығармашылық кеші өтті.

Классикалық музыка кешін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, аймақтың өнерсүйер жұртшылығы, зиялы қауым тамашалады.

«Өнер орталығына» жиналған көрермен сұлу саздың ырғағына бөленіп, мәртебелі музыканың салтанатына куәгер болды.

Скрипкашы жеке орындаушылық шығармашылығымен ұстаздық, ұйымдастырушылық, қоғамдық еңбек жолын қатар дамытып келеді. Репертуарында әлем музыкасының жауһарларынан Бах, Моцарт, Бетховен, Паганини, Хачатурян, Брамс, Чайковский сияқты композиторлардың туындылары, отандық сазгерлердің шығармалары бар.

Концерт Мүсілім Әмзенің дирижерлігімен облыстық симфония оркестрі орындаған Арам Хачатурянның «Маскарад» драмасының «Вальсімен» ашылды.

Айман Мұсақожаева аталған автордың скрипка мен оркестрге арналған концертін, әлемдік классикалық музыканың басқада үздіктуындыларын орындады.

Шығармашылық кеште өнер көрсеткен Айман Қожабекқызына және барша таланттарға облыс әкімінің ықылас гүлі табысталды.

АУЫЛҒА ҚАМҚОРЛЫҚ – БОЛАШАҚҚА ҚАМҚОРЛЫҚ

Олардың тәжірибесі болашақта «Ауыл аманаты» жобасын жетілдіру үшін пайдаланылады. Президент айтқандай, жаһандану дәуірінде халықты сақтау үшін, ең алдымен, ауылды сақтауымыз керек.

Сондықтан конкурс аясында біз ауыл өміріне ерекше назар аударуды көздедік. Ауыл – біздің алтын бесігіміз, мәдениетіміздің, дәстүріміздің және рухани өміріміздің сарқылмас қайнары. Ауылға деген қамқорлық – әрқайсымыздың өткенге, бүгінге және болашаққа деген қамқорлығымыз, – деді ол.

Сонымен қатар, Ерлан Қошанов мемлекет тарапынан жүйелі назар аударуды талап ететін бірқатар өзекті мәселені атап өтті. Бұл ауылдардың инфрақұрылымын дамыту, ауыл тұрғындары үшін кепілсіз «тауарлық несие» енгізу, ауылдық округтер бюджетінің кіріс базасын арттыру және тағы басқалар.

Өз кезегінде, вице-премьер Тамара Дүйсенова «Ауыл аманаты» жобасы іске қосылған сәттен бастап 16 мыңға жуық ауыл тұрғыны жеке кәсібін бастау үшін 2,5% жеңілдікпен шағын несие алғанын, бұл 17 мыңнан астам жұмыс орнын құруға мүмкіндік бергенін айтты. Сондай-ақ ол қазір шағын несие алушылар өндіретін өнімді өткізуді жолға қоюға ерекше назар аудару керек екенін атап өтті.

Ал Премьер-министрдің кеңесшісі Ералы Тоғжанов жоба ауылдағы жұмыссыздық деңгейін айтарлықтай төмендетуге арналғанын жеткізді. Сондықтан жобаның барлық артықшылығы туралы тұрғындарды дұрыс ақпараттандыру маңызды. Еліміздің барлық өңірінен байқауға қатысу үшін 250-ден астам өтінім келіп түскен. Қазылар алқасының шешімімен 30 өтінім 10 номинация бойынша жүлделі орындарға ие болды.

Мәселен, Батыс Қазақстан облысы «Қоскөл» ауылының тұрғыны Дамир Қадіров «Үздік кооператив» номинациясын жеңіп алды. «Үздік ЖҚШ» номинациясы бойынша бірінші орын Маңғыстау облысы «Ақшұқыр» ауылынан Александра Григоловаға бұйырды. Ақтөбе облысы Саржанай ауылының әкімі Медет Бекжанов Үздік ауыл әкімі атанды. «Үздік тауар кредиторы» номинациясында Ақтөбе облысы Байқадам ауылының тұрғыны Айгүл Төлеуова жеңіске жетті. Үздік сүт өнімі үшін бірінші орын Абай облысы «Қарасу» ауылының тұрғыны Дарьян Жанболатоваға бұйырды. Қызылорда облысы «Тасбөгет» кентінің тұрғыны Гүлзира Ерниязова ет өнімдерін үздік өндіруші атанды. «Үздік аспаздық өнім» номинациясы бойынша бірінші орынды Жетісу облысы «Қарашоқы» ауылының тұрғыны Назгүл Шоқанова иеленді. Алматы облысы «Қаракемер» ауылының азаматы Омар Лимтонов «Үздік көкөніс-бақша және жидек-жеміс өнімдері» номинациясы бойынша жеңімпаз атанды. Ауылдағы үздік аграрлық емес жоба үшін бірінші орын демалыс үйін ашып, кәсібін өркендетіп отырған Шығыс Қазақстан облысы «Жаңа Үлбі» ауылының тұрғыны Жанна Абуғалиге берілді. Ал Батыс Қазақстан облысы Дарьинск ауылының тұрғыны Сергей Каверин «Үздік қайта өңдеу кәсіпорны» номинациясын жеңіп алды. Сонымен қатар, Қызылорда облысы «Бесарық» ауылының кәсіпкері Мұрат Сәрсенбаев жобаға қолдау білдіргені үшін Алғыс хатпен марапатталды.

Байқауға қатысушылар «Ауыл аманаты» жобасы – мемлекеттің Еңбек адамына деген қамқорлығының жарқын үлгісі, ауыл тұрғындарының табысын арттырудың қарапайым әрі түсінікті құралы екенін айтты. Олар Мемлекет басшысына және «AMANAT» партиясына көрсетілген қолдау үшін алғыс білдірді.

Сондай-ақ «Бесарық» ауылында «Ауыл аманаты» аясында өндірілген ауыл шаруашылығы өнімдерінің көрмесі өтті. Биыл ауылда аталған жоба аясында үлкен өндірістік орталық салынды. Онда картоптан жасалған фри, наубайхана, кондитерлік цех, сондай-ақ жартылай дайын өнімдер, пластик ыдыс-аяқтар, жұмысшыларға арналған қолғап, сабын, шұлық және ағаш бұйымдар шығаратын кәсіпорындар, сондай-ақ «Қызылорда» супермаркеті мен кафе жұмыс істеп тұр.

Іс-шара соңында облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Сыр өңіріне келген қонақтарға алғыс білдіріп, «Ауыл аманаты» жобасы бойынша ауқымды жұмыс жалғасатынын жеткізді.

– Президентіміздің: «Ауылды дамыту – бүкіл Қазақстанды дамыту» деп атап өткені белгілі. Күні кеше Үкімет басшысының тапсырмасымен өткен республикалық семинарда «Бесарық» ауылында іске қосылған шағын бизнес орталығының тәжірибесі таратылды. Семинар оған қатысушылардың жаңа бастамалары мен тың идеяларына жол ашты, тәжірибе алмасу алаңы болды деп санаймыз.

Аталған іс-шараны Қызылорда облысында өткізуді қолдаған Ерлан Жақанұлына, Үкімет басшысына, Тамара Қасымқызына, «AMANAT» партиясына барша Сыр жұртшылығының атынан шынайы алғысымызды айтамыз!

Аймаққа арнайы келіп, оң тәжірибелерін бөліскен министрлік өкілдеріне, барлық өңірден келген әріптестерімізге ризашылығымызды білдіреміз! – деді облыс әкімі.

Биыл «Ауыл аманаты» бағдарламасымен аймақтың өңдеу өнеркәсібі, мал, егін шаруашылығы және басқа да келешегі бар салаларында 610 жұмыс орнының ашылуына септігін тигізген 575 жоба іске асты.

Осы күні «AMANAT» партиясының төрағасы Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша ашылған Қызылорда қаласының «Қорқыт Ата әуежайындағы» жаңа терминалдың жұмысымен танысты.

1-бет

ЖЕТІ ҚАБАТТЫ ҮЙЛЕРГЕ ТҰРҒЫНДАР ҚОНЫСТАНДЫ

Аймақ басшысы жаңа пәтерге қоныстанушыларды құттықтап, өңірдің құрылыс саласының жетістіктеріне тоқталды.

– Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы өз Жолдауында «Елімізде бірыңғай тұрғын үй саясатын әзірлеу қажет. Негізгі қағидат – тұрғындар үшін баспананың қолжетімділігін арттыру» деген болатын. Мемлекет басшысының қолдауымен ұлттық жобалар аясында соңғы екі жылда 4 мыңға жуық пәтер табысталып, 17 мың тұрғынның баспана мәселесі шешілді. Жыл басынан бері 1500-ден астам отбасы қоныс тойын тойлады. Биыл мемлекеттік бюджеттен бөлінген 34 млрд 100 млн теңгеге 2,5 мыңнан астам пәтер пайдалануға беріледі. Осылайша тұрғын үй құрылысының көлемі 126 пайызға өсті.

Мемлекет басшысының қолдауымен аймағымыз бүгінде қарқынды құрылыс алаңына, өркенді өзгерістердің ордасына айналды. Өткен жылдан бері қаламызда жеті, тоғыз, он екі қабатты тұрғын үйлер бой көтеруде. Бүгін өздеріңізбен бірге тағы 500-ден астам отбасының қуанышын еселеп, баспана бақытына кенелгеніне куә боламыз! Шаңырақтарыңыз жылулық пен мейірімге, балалардың шат күлкісіне толсын! – деді Н.Нәлібаев.

Сыр өңірінде соңғы жылдары мақсатты бастамалар қолға алынып, ауқымды жобалар жүзеге асуда. Әлеуметтік-экономикалық дамудың барлық негізгі көрсеткіштерінде оң серпін сақталып, облыс республика бойынша алдыңғы қатарға тұрақтады. Екі жыл бұрын облыс бюджеті 364 млрд теңге болса, бүгінде екі есе артып, 750 млрд теңгеге жетті. Бұл ауқымды қаражат аймақтағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жұмсалуда.

1-бет

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

«АУЫЛ АМАНАТЫ»: ҚЫЗЫЛОРДАНЫҢ ТӘЖІРИБЕСІ ӨЗГЕ ӨҢІРЛЕРГЕ ҰСЫНЫЛДЫ

Семинарға Қазақстан Республикасы Премьер-министрінің орынбасары Тамара Дүйсенова, Премьер-министрдің кеңесшісі Ералы Тоғжанов, «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев, Ауыл-шаруашылығы вице-министрі Ербол Тасжүреков, Ұлттық экономика вице-министрі Бауыржан Омарбеков, еліміздің барлық өңірлерінен облыс әкімінің орынбасарлары, ауылшаруашылығы басқармалары мен әлеуметтік корпорациялар басшылары, ауыл әкімдері, бизнес өкілдері арнайы қатысты.

Басты мақсат – Үкімет басшысының тапсырмасына сәйкес «Ауыл аманаты» бағдарламасын Қызылорда облысында іске асыру тәжірибесін республиканың өзге өңірлеріне кеңінен тарату.

1-бет

Семинарды облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев жүргізіп, өңірде атқарылған жұмыстарды атап өтті.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының қолдауымен бастау алған «Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асыру бойынша Қызылорда облысында ұйымдастырылған алғашқы республикалық семинарға қош келдіңіздер!

Ауылдарды дамыту – мемлекеттік саясаттың маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі. Бүгінде облыстың 447 мың тұрғыны немесе халықтың 53 пайызы ауылда тұрады. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес елімізде «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы, «Ауыл – ел бесігі», «Ауыл аманаты», «Дипломмен – ауылға!» мемлекеттік бағдарламалары сәтті жүзеге асуда.

«Ауыл аманаты» бойынша өткен жылы өңірімізде 3 млрд теңгеге 406 жоба жүзеге асып, 713 жаңа жұмыс орны ашылды. Биыл 4 млрд 600 млн теңгеге 575 жоба жоспарланған. Бүгінге дейін 2 млрд 500 млн теңге бөлініп, 1 млрд теңгеге 150 жоба қаржыландырылды.

Ауылдық аймақтардың жағдайын жақсартуда агробизнес өкілдері ауқымды жұмыс атқаруда. Бұл бағытта «Абай-Дәулет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің нәтижелі жұмыстарын ерекше атап өту қажет. Қазіргі таңда серіктестіктің оң тәжірибесін кеңінен таратып, облыстың барлық ауылдарында жаңа өндіріс, сауда нысандарын ашу бойынша белсенді жұмыстар жүргізілуде, – деді облыс әкімі.

Семинардың алғысөзінде Тамара Дүйсенова ауыл халқының тұрмыстіршілігін, әл-ауқатын жақсарту бағытында жүзеге асырылып келетін «Ауыл аманаты» бағдарламасының ел дамуындағы маңызы зор екенін айтып, бірқатар мәселелерге тоқталды.

Сонымен қатар, Батыс Қазақстан облысында бағдарламаны іске асыру барысы туралы облыс әкімінің кеңесшісі Алдияр Халелов, «Батыс сүт» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің басшысы Сергей Каверин, ауыл шаруашылығы өнімдерін терең өңдеу және өткізу туралы «Дәулет Бекет» серіктестігінің директоры Сыдық Дәулет, Шығыс Қазақстан облысында экотуризмді дамыту туралы жеке кәсіпкер Наталья Свахина баяндама жасады.

Қызылорда облысында «Ауыл аманаты» бағдарламасын іске асырудағы оң тәжірибе туралы облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев айтты. Ал бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жайында «Абай-Дәулет» серіктестігінің директоры Мұрат Сәрсенбаев сөз сөйледі.

Сонымен қатар, Түркістан облысы әкімінің орынбасары Нұрбол Тұрашбеков, «Алға БАМ» ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативінің директоры Сабыржан Досжанов, Түркістан облысының жеке кәсіпкері Амантай Андасов өз ойларын ортаға салды.

Республикалық семинар аясында бірқатар тақырыптық-панельдік сессия отырыстары ұйымдастырылды. Онда «Ауыл аманаты» жобасы аясында кооперацияны дамыту, өнімдерді қайта өңдеу және өткізу, ауылдарда бизнесті өркендету, ауыл әкімдері мен әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияның рөлі жан-жақты талқыланып, қатысушылар өзара тәжірибе алмасты.

Айта кетейік, жоба аясында аймақтағы арнайы әлеуметтік көмек алушылар саны 65 адамға қысқарды. Ауыл халқының табысы 20% ұлғайды, шағын кәсіпкерлік саны 275-ке артты, 33 ауыл шаруашылығы өндірістік кооперативі құрылды, өңдеу саласы бойынша 22 кәсіпорын, көлемі 1,2 гектар 34 жылыжай өндірісі ашылды, 1175 бас асылтұқымды мал сатып алынды.

Тұрғындардың 65 түрлі азық-түлік тауарын тұтыну көрсеткіштеріне қарасақ, облыстың 10 түрлі өніммен (күріш, тұз, сиыр сүті, қызанақ, қияр, қауын, қарбыз, асқабақ, жүгері, нан) 100% қамтамасыз етуге, экспортқа шығаруға мүмкіндігі бар. Сондай-ақ тұтынушылар 10 түрлі өніммен (картоп, сиыр еті, сәбіз, балық, пияз, бұрыш, қызылша, қой еті, қырыққабат, жылқы еті) 73-21 пайыз аралығында, 17 түрлі өніммен ішінара қамтамасыз етілуде (4,2-0,1%). Қалған 28 түрлі өнім, оның ішінде негізгі үш өнім, яғни, қарақұмық, қант, күнбағыс майы облыста өндірілмейді. Дегенмен, «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру нәтижесінде азық-түлікпен қамтамасыз ету деңгейінің өсімі байқалуда.

Мысалы, құс шаруашылығы бағытында екі кооператив құрылып, 4500 бас құс бағатын 6 типтік құс фермасы (птичник) жұмыс жасауда. Бүгінгі күнге кооперативтер 90 тоннадан астам құс етін өндірді. Құс етімен қамтамасыз ету көрсеткіші өткен жылмен салыстырғанда 4,9%-ға өсті. Томат пастасы мен консервіленген өнімдерді шығаратын кооператив құрылып, қамтамасыз ету көрсеткіші 4,7%-ға, балық шаруашылығы бағытында 20-ға жуық жоба іске асырылып, қамтамасыз ету деңгейі 7,4%-ға артты, қой және жылқы етімен қамтамасыз ету деңгейі тиісінше 7,7% және 10,7% ұлғайды.

ӘЛЕУМЕТТІК САЛАНЫҢ ӘЛЕУЕТІ – ҚОҒАМ АЙНАСЫ

Басқосулар салалық министрлік өкілдерінің, облыстық білім басқармасы, қалалық, аудандық білім бөлімдері, мемлекеттік және жекеменшік мектепке дейінгі ұйымдар басшыларының, мектеп, техникалық және кәсіптік білім беру мекемелері директорларының қатысуымен өтті. Сондай-ақ жиынға басқа өңірлерден келген білім саласының басшылары да қатысты.

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мәжілісті жүргізіп, атқарылған жұмыстар туралы айтты.



– Бүгін білім мен тәрбиеге қатысты еліміздегі жаңа бастамаларды, тың жобаларды талқылауға бас қостық. Президентіміздің, Үкіметтің қолдауымен аймақта жаңа білім нысандары көптеп салынып, ел игілігіне берілуде.

«Білімді қолдау қоры» есебінен Қызылорда қаласында физика-математика мектеп-интернаты, «Шығармашылық-инновациялық орталық», «Саутс-Ойл» компаниясының демеушілігімен музыкалық колледждің жаңа ғимараты салынуда.

Қазан айында Мемлекет басшысының бастамасымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясындағы алғашқы 900 орындық мектепті табыстадық. Қазіргі таңда тағы 9 мектептің құрылысы жүруде. Жыл соңына дейін 4 мектеп іске қосылады.

«Адал адам. Адал еңбек. Адал қоғам» қағидаты негізінде еңбек адамын құрметтеу, жастарымыздың жұмысшы мамандығына деген қызығушылығын арттыру, сапалы және қолжетімді, заманауи техникалық, кәсіптік білім беру бағытындағы жұмыстарды жалғастырамыз. Өңірдегі 28 колледж 97 мамандық пен 158 біліктілік бойынша еңбек нарығына қажетті кадрлар даярлайды,– деді Н. Нәлібаев.

Кездесуде Тамара Дүйсенова әлеуметтік саладағы ауқымды жобаларға тоқталып, қатысушылардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады, алдағы жұмыстар бағытын айқындады.

Сонымен қатар, Оқу-ағарту министрлігі мектепке дейінгі тәрбие және оқыту департаментінің директоры Манара Адамова, Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитетінің төрағасы Ернұр Дәуенов, «Қаржы орталығы» АҚ президенті Асқар Ибраимов, басқа да қатысушылар өз ойларын ортаға салды.

Айта кету керек, биылдан бастап Тараз, Түркістан және Шымкент қалаларының мектепке дейінгі ұйымдарына ваучерлік қаржыландыру жүйесі енгізілді. Облыстағы 12 шағын жинақты білім ошағын «Тірек мектептер» жобасына енгізу үшін 3 мектеп бекітілді. Бұл ретте «Қазақстан халқына» қорының «Білім беруді тұрақты дамыту» қорымен бірлесіп, «Ауылдық аймақтардағы тірек мектептердің әлеуетін дамыту» жобасы жүзеге асырылуда. Оның шеңберінде 2022-2024 жылдары 6 мектеп 1,5 млрд теңгеге қайта жабдықталды. Алдағы жылға 2 мектепке сұраныс берілді. Қазір атқаратын жұмыстар жүйеленуде.

***

Спорт мекемелерінің басшыларымен кездесуде аймақ басшысы инфрақұрылымды дамыту бағытындағы жұмыстарға, алда жүзеге асырылатын жобалар мен қолға алынған бастамаларға тоқталды.

– Мемлекет басшысы XXXIII жазғы Олимпиада ойындарының жүлдегерлерімен кездесуде сөйлеген сөзінде «Бұқаралық спортқа және балалар мен жасөспірімдер спортына баса мән беру қажет. Бұл – өте маңызды міндет. Себебі, бұқаралық спортты дамыту арқылы біз кәсіби спортқа жол ашамыз және ең бастысы, ұлт саулығын жақсартамыз» деп атап өтті. Бапкерлер құрамын күшейтуге, алда өтетін халықаралық спорт додаларына дайындықты пысықтауға қатысты бірқатар нақты тапсырма жүктеді.

Сыр өңірінде Туризм және спорт министрлігімен үйлесімді жұмыс, ауқымды іс-шаралар атқарылуда. Аймақта 1490 спорт нысаны бар. Тұрғындардың спорт нысандарымен қамтылу көрсеткіші 44 пайыз, 328 597 адам денешынықтыру және спортпен жүйелі шұғылданады. Облыстағы 22 спорт мектебінде 640 жаттықтырушы-оқытушы 22 266 баланы жаттықтырады. Биыл Сыр спортшылары Әлем және Азия чемпионаттары мен кубоктарынан 120 медаль жеңіп алса, ҚР чемпионаттары мен кубоктарынан 808 медальға қол жеткізді, – деді облыс әкімі.

Айта кетейік, өңірде Мемлекет басшысының, Үкіметтің қолдауымен жаңа спорт кешендері көптеп ашылуда. Өткен жылы 13 спорт кешенінің құрылысы жүргізіліп, оның 9-ы қолданысқа берілді. Биылға өтпелі болған 4 нысанның құрылысы аяқталды. Жақын күндері ел игілігіне беріледі.

«Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды қолдау қорымен бірлесіп 3,4 млрд теңгеге заманауи үлгідегі «Үстел теннисі орталығы» салынды. Аудандарда 4,7 млрд теңгеге 10 спорт кешені, Қызылорда қаласында халықаралық стандарт талаптарына жауап беретін 11 мың орындық «Орталық стадион» бой көтеріп келеді.

***

Осындай кездесу облыстық көпбейінді ауруханада да өтті.

Медицина қызметкерлерімен кездесуде аймақ басшысы тұрғындарға медициналық қызмет көрсету сапасын арттыру мәселесіне тоқталды.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы 2022 жылы Қазақстан Республикасы Президенті лауазымына кіріскеннен кейін ең бірінші «Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы туралы» Жарлыққа қол қойды. Елімізде «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы, «Ауыл – ел бесігі» мемлекеттік бағдарламасы сәтті жүзеге асырылуда. Биыл облыстың медицина саласына 146 млрд 200 млн теңге қаржы бөлініп, ауқымды жұмыстар атқарылуда. Өткен 11 айдың қорытындысымен негізгі көрсеткіштерде оң динамика қалыптасты. «Ауылда денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасымен 27 медициналық нысан салу жоспарланып, өткен жылы 15 дәрігерлік амбулатория, 1 медициналық бекет ел игілігіне табысталды. Қалған 11 нысанның құрылысы жақын күндері аяқталып, іске қосылады, – деді Н.Нәлібаев.

Мәжілісте Тамара Дүйсенова денсаулық сақтау саласындағы ауқымды жобаларға тоқталып, қатысушылардың ұсыныс-пікірлерін тыңдады. Сонымен қатар, Денсаулық сақтау вице-министрі Тимур Сұлтанғазиев, «Әлеуметтік-медициналық сақтандыру қорының» басқарма төрағасы Әбілқайыр Сқақов, облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Олжас Ысқақов сөз алып, атқарылған жұмыстар мен алдағы міндеттер туралы баяндады.

Айта кету керек, өңірімізде 4 млрд 500 млн теңгеге төрт көпбейінді аудандық орталық аурухана жанынан қосымша құрылыс салу жоспарланған. Шиелі ауданында 30 төсектік инфекциялық бөлімше, Шиелі көпбейінді ауруханасының қосымша құрылысы басталды. Қалған қосымша құрылыстар келесі жылы бой көтереді.

Облыс орталығында 36 млрд 400 млн теңгеге емханасы және онкологиялық бөлімшесі бар 300 орындық көпбейінді ауруханың құрылысы жүруде. Арал ауданы «Сексеуіл» кентінде 40 төсек-орынға, Жаңақорған ауданы «Төменарық» ауылында дәрігерлік амбулаториямен қоса 15 төсек-орынға арналған ауылдық аурухана құрылысы аяқталды. Жаңа нысандар жақын күндері ел игілігіне табысталады.

Ана мен бала өмірін қорғау басты назарда. Жыл басында көпбейінді облыстық аурухана базасында жаңа МРТ аппараты іске қосылып, перинаталдық бөлім ашылды. Жаңақорған ауданында «Қамқорлық» оңалту орталығы пайдалануға берілді. Жақын күндері осындай орталық Арал ауданында ашылады.

Соңғы екі жылда денсаулық сақтау мекемелеріне 225 санитарлық автокөлік табысталды.

1-бет

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

Сыр бойы
№192-193 (20866-20867) 14 желтоқсан, сенбі 2024 жыл

ӘБДІЖӘМІЛ НҰРПЕЙІСОВТІҢ ТУҒАНЫНА 100 ЖЫЛ

Фото: Ашық дерекқордан.

ҚАЗАҚТЫҢ КӨКІРЕГІНДЕ ТЕҢІЗ ТОЛҚЫТҚАН ӘБЕ...

ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Алматы қаласы әкімдігінің қолдауымен, Қазақстан Жазушылар одағының ұйымдастыруымен өткен «Әлем таныған Әбдіжәміл» халықаралық конференциясында келелі ойлар айтылып, көшелі баяндамалар жасалғанын газетіміздің өткен санында жазған болатынбыз. Осынау алқалы жиында арда қаламгердің дара болмысын, тұлғалық сыр-сипатын тереңнен танытқан Қазақстанның мемлекет және қоғам қайраткері, философия ғылымының кандидаты, саяси ғылым докторы Қырымбек Елеуұлының баяндамасын көпшілік назарына ұсынып отырмыз.

Құрметті зиялы қауым, қадірлі қаламгерлер!

Биыл Әуезов салған сара жолдың көсем қаламгері, қазақтың ұлы жазушысы Әбдіжәміл Нұрпейісовтің дүниеге келгеніне 100 жыл толып отыр. Қазақ прозасын кемеліне келтіріп, көз жетпес кезеңнен асырған ғұлама жазушының бұл тойы әдебиет пен руханият үшін ғана емес, тұтас қоғам үшін айтулы мереке, айрықша дата екені белгілі. Мен де – қасиет қонған қарт Аралдың, қасірет тұнған мұңлы Аралдың перзентімін. Сондықтан Нұрпейісов шығармалары маған өзгеден етене болуы заңды құбылыс, жөнді жүйе деп ойлаймын. Әбеңнің шығармаларын оқығанда, адамзаттың ғасырлық қателігінен көз алдымызда тартылған Арал теңізі сол асау қалпында жазушының көкірегіне көшіп, сиясынан ақ қағазға толқын болып аққандай әсерде қаламын.

Иә, қазақ әдебиеті – әлемдегі алып тұлғалары көп, асқан асулары биік іргелі әдебиеттердің бірі. Оның көш керуен сапарына көз жүгіртсек, өзге жұрттың ғасырлап басқан жолын біздің жүз жылға жетер-жетпес кезеңде еңсергенімізді байқаймыз. Алаш кезеңіндегі әдебиеттен тамыр тартқан Нұрпейісов шығармашылығы қазақ халқының рухани болмысын тереңнен сипаттайды.

Оның тарихи шындық пен әлеуметтік мәселелерді бейнелеу мәнері, жан-жақты терең зерттеуі дәуір өзгерістері мен заман картинасын нақты әрі шынайы суреттейді. Сондай-ақ Нұрпейісовтің кейіпкерлері әрдайым күрделі, ішкі қайшылықтарға толы болып келеді. Жазушы кейіпкерлерінің психологиялық болмысын, жан толқынысын, жүрек бұлқынысын терең суреттейді. Бұл оның шығармаларына пәлсапалық қуат пен екпінді эмоциялық әсер береді.

Әбдіжәміл Нұрпейісовтің тілі бай, метафоралар мен көркем сөздерге толы. Ол Сыр өңірінің теңіздей толқыған жыраулық мәдениетін, аспанға шапшып сөйлеген рухты сөзін суреттеу мәнерімен, өзгеше стилімен, шынайы өмір көріністерін айшықты дәлдігімен бейнелейтін суреткерлігімен кәсіби прозаның биік шыңына шығарды. Әбе шығармаларында теңіз қазақ көкірегінде толқиды. Сондай-ақ жазушының шығармаларында әлеуметтік мәселелер байсалды философиялық мәнге ауысады. Адамның өмірдегі мақсаты, тағдыр, ар-ождан мәселелері – оның басты тақырыптары.

Адамның жүрегі – таусылмас қазына, сарқылмас теңіз. Әсіресе ұлылық дейтін сарайдың босағасы мен төрі болмайды. Әбдіжәміл Нұрпейісов – сол алтын сарайдың есігінен кіріп, еншісін алған саусақпен санарлық тұлғаларымыздың бірі. Ауылдасы ретінде аз-кем сырласып, інісі болып қызметін қылғанда біз де көп жайларға куә болып, көкірегімізге көп қазына түйдік. Сол аяулы кезден бірер естелік айтқым келеді. Бір байқағаным, жазушымыздың әдебиетті жіті бақылап, жиі ізденіп қана қоймай, қатарластары мен артынан ерген қаламгерлердің жақсысына қуанып, мәрт мінезбен жақсыға алып кеудесін ииіп, құрметін риясыз көрсетіп отыратыны.

Батыс Қазақстанда әкім болып жүрген кезімде, әдебиетіміздің ақсақалдарын ауылға қонаққа шақырып, елмен қауыштырғаным бар. Қаламгерлердің сапары ерекше рухани мереке болды. Ел жақсыларын сағынып, аңсап тұрады екен. Сол кездесуде бір әредікте әзілге сүйеп:

– Әбе, осы Кекілбаев пен Нұрпейісовтің қайсысы мықты жазушы? – деп сұрадым. Сонда Әбе іркілместен:

– Ой, пәлі, ол бұйрабасқа жету қайда! – деп ризалықпен бас изегені есімнен кетпейді. Бұлай өзгені бағалау, өзіне сенген тау тұлғалы жақсыларда ғана болатын мәрт мінез бен әділетті жүректен шыққан сөз деп қабылдадым.

Әбдіжәміл ағамыз жасы егде тарта бастағанда, кезінде теңіздің жағасында тірлігі жайнап, елі барақат тұрған, кейін теңіз тартылғанда құм арасындағы мұңды қоныска айналған туған ауылы Беларанған өзіне арнап қабір тұрғызды. Біз бұл ісін аса құптай қоймай, ағамыз қазір кетіп қалатындай қимай қарсы алдық. Сонда, өлімді де өмірдей көріп, хақ бұйрығын қалтқысыз қабылдайтын үлкен жүректі қаламгер:

– Қарағым, сен теңіздің неге тартылғанын білесің бе? Адамнан пейіл кетіп, мейірім азайғанына налып, көк теңіз бізден жыраққа кетті. Десе де күн өтер, елдің берекесі келіп, пейілі орнына түсер. Сонда қасиетіңнен айналайын, теңіз әлі-ақ ыңыранып орнына оралар. Мен осы жерде сол теңізді күтіп жатамын, – деді.

Сонда бәріміз сол аталы сөзге тоқтап едік. Бірақ «арыстың сүйегін айдалаға қалай қалдырамыз?» деген бір өкініш көкірегіміздің кетпеуші еді. Сөйтсек, ата қазақтың асыл салтында бәрі де бар екен.

Қазақта «тұрпат салу» деген дәстүр болған. Халқымызда «елім қайдан болса, топырақ содан» деген сөз бар. Әлде бір жағдаймен сүйегі алыста қалған адамның туған жерінде оған арнап екінші кесене тұрпат салады. Бұл – аруақтың мекені, халқымыздың түсінігінде марқұмның рухы онда да келеді. Бірде өзара әңгіменің үстінде Әбдіжәміл ағамызға осы дәстүр жайында айтып, Алматыда, Кеңсайға жатуға ризалығын алдық. Ағамызды арулап өзі сүйген Алматысына қойдық. Беларандағы қабір тұрпат болып қалды.

Мен ұлы жазушының рухы Алатауды жастанып, Кеңсайда дамыл тапса да, Сырды сағалап, ақжал толқынды Аралды әлі де күтіп жүргеніне сенемін. Бір күндері бура толқындары бір-бірімен жарысып, өкпелеген Арал да қайтадан ентелеп Беларанға ораларына үміттенемін. Арал ғана емес, рухымыз да тасып толады бұйыртса. Кеткеніміз келіп, кемтігіміз толып, еңсесі бұдан да биік ел боламыз! Қаламгердің әр шығармасы – Тәңірінің сыбыры. Жазушының теңіздей телегей мұрасында Аралдың асау толқынының мінезі бар. Асыл туған Әбе – алыстаған сайын, биіктейтін тау секілді тұлға.

Қырымбек КӨШЕРБАЕВ

ҒАСЫРЛЫҚ

«Баяғы өткен заманда, дін мұсылман аманда» деп басталатын «Алпамыс» жырындағы (қазір біржолата жоғалған) жолдардай, баяғы өткен заманда тіл менен діл аманда көркем шығармалар көптеп туып, көпшілік талқысына түсіп, базбіреуі – баспаларға жолдама алып, базбіреуі – марапатталып, базбіреуі – автордың қолтығына қайта қыстырылып жататын. «Әдебиет арзандап кетті», «өлең – сөздің патшасы» тағынан түсіп, қошеметшіл шабарманға айналды» деген налу мен наразылық сол кездің өзінде-ақ әр жерден естіліп қалатын. Өнердің барлық түрін коммунистік идеяның жеңімпаздығын жырлауға жұмылдырған және жұмылдыра білген сол кезеңде, тек ұраншыл шығармалар ғана дүниеге келді десек, тарихи шындықты бұрмалағанымыз, оған қиянат жасағанымыз боп табылар еді.

ҚАЗАҚ ПРОЗАСЫН ЖАҢА КЕЗЕҢГЕ КӨТЕРГЕН

Егемендіктің эйфориясы біршама саябырсып, тапқанымыз бен жоғалтқанымызды, өткеніміз бен өткелдерімізді салқын санада саралап қарасақ, кеңестік дәуірдің жетпіс жылдан астам кезеңінде қазақ мәдениетінің қол жеткен табыстары қыруар екенін көреміз. Бүгінгі таңда ұлт мақтанышына айналған талай-талай шетелдер мен жат елдердің тіліне аударылып, қазақ деген елден хабар беріп, белгісіз ұлттың салт-дәстүрін, тіршілік-болмысын танытып жатқан да сол кезеңнің туындылары. Тәуелсіздік кезеңінен бертінде туып, өзге елдерді еркін аралап кеткен сүбелі туынды әзірге жоқ. Болса, енді болар. Бірақ «болса, енді болар» деген үмітіміз тым ұзаққа созылып барады. Әрине, бұл аралықта қазақ жазушылары қол қусырып қарап отырды десек, ұшқары пікір болар еді. Ауыз толтырып айтар елеулі туындылар жарықтіні, тіпті жазылып, жарияланып, басқа тілге баяғыда аударылып біткен шығармасының өзін қайта шимайлап жатуы, екінің біріне біткен жауапкершілік емес. Оның сөзге деген талғампаздығы мен асқан жауапкершілігі бәрімізді таңдандырмай қойған емес. Қалың қайыңды орман ішінде өзіне ғана ұнайтын, өзі ғана ер шаба алатын айрықша дөңке таңдаған ісмердей, шын суреткерге тән шікәмшіл болмысын қанағаттандыратын сөз таппайынша, жаны байыз таппайтын, қиналып жүріп тапқанын жарамсызға қия салатын бірбеткейлігі мен кірпияздығы өзін де, сөзін де болдыртып, талдырып, мезі етіп барып, ақ ыдыс – ақ қағазға қайың шырыны тамтұмдап қана тамшылап, сол тамшыдан қақ тұрып, сол қақ көлшікке айналып, сол көлшік теңізге айналар еді. Әбекеңнің сөзге, сөзден құралар бүтін бір шығармаға деген талғамы, принципі, кешуде; адам болса ол неге мыңдаған жылдар бойы өзі ойлап тапқан ақыл мен парасаттың игілігін көре алмай, жаңа мақсат жолында ескі азаппен мағынасыз күресін жалғастыруда? Ғасырлар бойы жинаған ақыл қайда, ғасырлар бойы басынан кешіріп келген ащы сабақтан алған тұщы тәжірибе қайсы? Өмір осылай өте бере ме, әлде адам баласы, осылайша, арбасумен, қырқысумен, бір-біріне жамандық ойлаумен өте ме? Дүние тылсымын танып-білуге жеткен оның ақыл-ойы дәл қасында жүрген адамды танып-білуге келгенде неге дәрменсіз бола қалады? Адамдар бір-бірін түсінуді, бір-біріне ізгілік пен жақсылық ойлауды қашан үйренеді.

Ә.Нұрпейісов романының әлеуметтік жүгі – осы. «Курляндиядағы» шытырман оқиға, «Қан мен тердегі» қайшылығы мол аласапыран шақ, «Соңғы парызда» адамзат алдында тұрған адам мен табиғат. Дүниетаным мен Жаратылыс арақатынастарын қозғай білген күрделі шығармаға ұласты. Мұндай күрделі шығарма, ауқымды проблема, Ә.Нұрпейісов сияқты суреткердің қаламынан туылуы да заңды құбылыс еді. «Соңғы парыз» – «Қан мен тердің» заңды жалғасы.

Роман кейіпкерлері Әлім, Жәдігер, Бәкизат – бүгінгі адамдардың символдық көрінісі. Автор оларды ыққан мұз үстінде, ашық табиғаттың аласапыран кезінде жан дүниелерінің ұңғыл-шұңғылына дейін түк қалдырмай жайып салады. Адам жанының ғарыш кеңістігінен де тылсым екеніне осы романды оқу үстінде көзің жетеді. Ғұмыр бойы сеніп келгеніңнің – алдамшы, алдамшы деп келгенің ең асылың боп шығарын, дәл осындай жан дүниенің түгел ашылатын сәті болмаса Бәкизат та, сол оқиғалардың куәсі боп отырған біз де білмей өтер едік. Формация адам жанының болмысын өзгерте алмайды. Бұл – М.Әуезовтің «Дос – бедел дос» драмасының негізгі идеясы. Демек, қандай кезде, қандай саяси формацияда өмір сүрсін адам болмысы сырттай өзгергенмен, іштей өзгермейді екен. Оның адамгершілік, опасыздық қасиеттері жан қатпарларында жата береді де, сәті түскенде, кезі келгенде сыртқа шығуы қиын емес екен.

Ә.Нұрпейісов романы адам жанының қырық қатпарын бар болмысымен ашып көрсетуге арналған. Олардың қоршаған ортасы, тауқыметі, болмысы, географиясы, аты-жөндері қазақ. Бірақ арқалаған жүгі мен арпалысы, алға қойған өмірлік кредолары жалпыға ортақ. Өзіміз әбден айтып үйренген әдебиеттің жалпыадамдық, дүниауи құндылығы деген осы.

Базбіреулер бұл шығарманы Э.Хемингуэйдің «Теңіз бен шал» немесе У.Фолкнердің «Оқшау үй», енді бірде Ф.С.Фицжеральд, Ф.О.Коннор, енді біреулер Г.Гессенің «Түз тағысы» шығармаларымен салыстыра сараптай бастады. Бұл, әрине, бәріміз үшін ортақ мақтаныш, ортақ мерей. Ал мен үшін – ешкімге ұқсамайтын, тек қазақ топырағында ертелі-кеш бір тууға тиіс мейлінше қазақы, мейлінше дүниауи, Әбдіжәміл Нұрпейісовтің өзіне ғана тән жаңа туындысы дүниеге келді. Бұл шығарма – етікшіден бастап Елбасына дейін түгел ұнайтын тобырдың шығармасы емес, бұл – талғампаз оқушының үлкен әдебиеттің қыры мен сырын жақсы білетін, дайындығы мол, талғамы жоғары оқушының кітабы. Бұл шығарма жөнінде әртүрлі пікірлер бола беруі әбден мүмкін, ол тіпті заңды да құбылыс. Бірақ бір ғана ақиқат – қазақ әдебиеті осы шығарма арқылы аналитикалық жаңа кезеңге аяқ басты, дүние болмысын жеке адамның танымы мен түйсігі арқылы берудің жаңа дәстүріне қол созды.

Ұлы Абайдың 125 жылдық мерейтойы кезінде, «Бар жаңаның басы еді ол» деп мақала жазған Әбдіжәміл Нұрпейісов «Соңғы парыз» романы арқылы қазақ прозасындағы жаңа ырғақ пен жаңа құрылымның тұсауын кесті.

Ұзақ уақыт бойы жаңа заман жайлы ауқымды шығарма күткен қалың оқушының үміті ақталды. «Нағыз балықшы көлдің беті толқын атып жатқанда, суға қармақ тастамайды» деген ойды мен біраз жерде айтып едім. Демек, көлдің беті тыныштала бастаған екен. Оған дәлел, балықшы Нұрпейісовтің ауына іліккен жайын балық – «Соңғы парыз» осының айғағы.

Дулат ИСАБЕКОВ,
Қазақстанның Еңбек Ері

Фото: Ашық дерекқордан.

Әбіш КЕКІЛБАЙҰЛЫ:

«Сондай бір күн болған», «Сондай бір түн болған» дейтін екі кітаптан тұратын дилогия – жанрлық-стильдік бітімі жағынан да, концепциялық өзекті ойы жағынан да ұлттық прозамыздағы бүгінгі таңдағы оқшау құбылыс. Ол – біздің жаңа әдебиетіміздің жаңа арнасын салып беретін алғашқы мұз жарғыштай. Біздің прозамыз бен драматургиямызда жаңа бір ағым басталатындай.

Кесек эпиканың орнына аз адамдардың, тіпті бір ғана кісінің жан дүниесіндегі алай-дүлей ахуалды ежіктейтін жаңа роман келді».

қа шықты. Формалық ізденіс жағынан айта қаларлықтай жаңалық әкеле қоймағанымен, бүгінгі қазақ әдебиетінде жаңаша жазуға бетбұрыс жасаудың алғашқы талпыныстары екені даусыз.

Бүгінгі тілге тиек етіп отырған шығарма да соңғы кезде там-тұмдап тамып жатқан сараң кезеңнің санаулы шығармаларының бірі.

Әбдіжәміл Нұрпейісовті қазақ қауымына ғана емес, бұрынғы бүкіл кеңестік оқиістікке, қала берді дүниежүзі оқушыларына таныстырып жатудың қажеті жоқ. Шығармаларының құндылығы мен танымалдығы жөнінен ұлы Мұхтар Әуезовтен кейін қазақ әдебиетінің мерейін көтеріп келе жатқан ірі қалам қайраткері.

Бұл романның жазылу процесі де ұзаққа созылды, бәлкім, «Қан мен терді» жазған кездегідей уақыт қажет болған шығар. Оқушы қауымға журналдық нұсқалардан немесе алғашқы басылымдардан белгілі болған бұл роман «Соңғы парыз» деп аталып, тұтастай қолымызға тиді.

Әбдіжәміл Нұрпейісов шығармаларын оңай жазып көрмепті. Алғашқы «Курляндия» романы мен «Қан мен терді» қалай жазғанын мен білмеймін, мен білетін, жазылу процесінің барлық сәттеріне бастан-аяқ куә болғаным – осы «Соңғы парыз» романы. Бұрын он рет, жүз рет, тіпті өмір бойы көріп-біліп, бастан кешіріп келген оқиғаларды көркем шығармаларға айналдырып, қағазға түсірер сәтте сол оқиғаларды ерінбей, жалықпай тағы да әлденеше рет көңіл сүзгісінен, көркемдік безбенінен өткізіп барып жазу – Нұрпейісов қанына сіңген қасиет. Шығармадағы кесек эпизодтар ғана емес, әр көрініс, әр сәт, жан дүниесінің болмашы бір қалтарысы мен әр сөз үшін жазушының қанша қайрат, қанша жігер, қанша тер төгекредосы осындай. Немесе қазақта не көп, сөз көп, сол көп сөзбен көпіртіп жаза берсе, көлем жағынан басыңа құлап кетсе, жоқ миыңның өзін шайқалтатындай қалың-қалың романдарды бірінен соң бірін тоғытып жазып тастар еді. Әдебиет деген сиқырлы әлемде жазушының еңбегі санмен емес сапамен, молмен емес азбен де өлшенерін Әбекең өз шығармашылық мектебімен дәлелдеп-ақ келді.

Сонымен «Күткен күн» деп қайта аталған өз романындай, сол көптен күткен күн де келді. Қолымызға жазушының соңғы жылдары мың өшіріп, мың түзеген романының ақтық нұсқасы тиді.

Бұл роман біздің 70-80 жылдық өмірімізге анализ жасаған, не ұттық, неден ұтылдық, неге ұмтылдық, ендігі мақсатымыз – барар жеріміз не болмақ сияқты үлкен әлеуметтік қоғамдық, адами күрделі проблемаларды тереңнен тартып қозғай білген, бас-аяғы үш адамның ғұмыры арқылы таратып айтып бере алған соңғы кездегі әдебиет әлеміндегі күрделі де елеулі шығарма. Кешегі Абай мен Бақтығұл ұмтылып жете алмаған, Тұрар Рысқұлов жанын пида еткен, Тәңірберген мен Еламандар жанұшырып арпалысқан игі мақсат, жарқын болашақ деген бар ма, бар болса ол қайда? Бір емес, бірнеше ұрпақ, ұрпақ қана емес адамзат боп арпалысқанда жақындамайтын, күрес түрі мен аумағы ұлғайған сайын жақындамақ түгілі алыстай беретін, бірді тапсаң онды жоғалтатын бұл қандай өмір заңы? Осының бәріне кім кінәлі? Алла ма, адам ба? Алла болса, пендесіне оның мейірімі неге жөндеп бір түспей-ақ келеді, неге ол өмір бойы бір тұрмысын жөндей алмай басын тауға да, тасқа да ұрып, әлдеқалай болымсыз үміт пен алдамшы идеялардың арасында тынымсыз арпалыспен ғұмыр

№192-193 (20866-20867) 14 желтоқсан, сенбі 2024 жыл

ҒҰМЫР ҒИБРАТЫ

Өмірі туған күнін тойламаған классиктің 100 жылдығы жер-жерде жоғары деңгейде аталып өтіп жатыр. Әбеңмен күнде болмаса да ара-тұра кездесіп тұратындығымыз рас-ты. Сол сирек кездесулерден туған әсерлерді қысқа әңгіме түрінде түбі керек болар деп түртіп қоюшы ем...

ДАНАЛЫҚПЕН ДИДАРЛАСУ

Түн жарымы.
Жарты бет...

Ауруханa – жазушының «екінші үйі». Ешкімге сенбей өз денсаулығына мұқият қарайтын аға жылдың қай мезгілінде болмасын, не Алматыдағы, не елордадағы ауруханалардың біріне барып, тым-тырыс жатып алады. Әлде жұрт мазаламайтын шығармашылық мүмкіндікті осы жерден таба ма, қайдам. «Тым-тырыс жатып алу» қайда, қашан барсаң да жаңа босанған келіншектей аурухана көрпесін беліне орап, сүлгімен басын таңып алып, әлдебір қолжазбаны шиедей қылып, қырнап-сүрнеп, кейбір тұстарын қайта жазып, ала қағазбен алысқан сәтінің үстінен түсесің. Шын беріліп кеткенде сенің «тез жет»-пен қос өкпеңді қолыңа алып, ентігіп келгендігінді елемейді. Ондай да есік сыртында тұра тұрғың келеді.

Со жолы Әбекең бізді аса бір ерекше көңілмен қарсы алды. Төлен аға (Әбдік) екеуміздің алдын ала келіскендей, бір уақытта бара қалмасымыз бар ма! Басты бұйымтай – ауруханада жатқан кісімен аз-кем әңгімелесіп, жағдайын сұрау, айтатын тапсырмасы болса қолдан келгенше орайын тауып мінсіз орындау. Жалпы, Әбекең кімнің қандай шаруаға икемі барын бәрімізден жақсы біледі. Сыртымыздан бақылап жүреді. Кімге не тапсыратыны өзіне ғана аян.

Үйден ала келген келіндерінің «сәлемдемелерінен» таңдап-таңдап ауыз тиді. Әңгіме айтатын екі ағам, мен – тыңдаушы. Талай сырдың түйіні шешілді, әдебиетке қатысты, аудармаға қатысты, жалпы елдің, халықтың жағдайы туралы «ашық дискуссия» шарықтау шыңына көтерілді. «Ән айтайықшы» деді Әбекең бірде. Сөйтті де өзі еш қолқалаусыз ел айтып жүрген халық әндерінің бір-екеуін «мінсіз» орындады. Мұндай кереметке куәгер болып тұрғаным осы. Тек бір «әттегенай», қалтама диктафон сала барып, байқатпай бәрін жазып алсамшы. Эх, осындай әбжілдікті қашан үйренер екенбіз.

– Әбеке, – деді Төлен ағам күн екіндіге ауған шақта. – Біраз отырдық, сіздің әніңізді тыңдап, бір жасап қалдық. Тірі адамның тірлігі түгесіле ме, шаруа бар дегендей... Балам сыртта мәшинемен күтіп отыр...

Тағы да берер сағат артта қалды. Төкең кетуге ыңғайланды: – Жалғыз емессіз, қасыңызда Қуаныш бар.

Ауруханаңның дәлізіне шығып, арлы-берлі біраз жүрдік. Күн батты. Менің тілім байлаулы.

– Тек екеуміздің арамызда болатын бір жағдай, мұны тісіңнен шығарма. Жаңа жыл жақындап қалды білем. Біреулер менің Ақордаға құттықтау жазып жібергенімді жақсы көреді. Өзің білесің, ондайға менің құлқым жоқ – бір, екінші – қалам мүлде жүрмейді. Сен мені де бір жұмсарсың. Осы пәледен құтқар. Жарты бет, одан асырма. Келіннің шайына қанып алған соң, түнімен отырып жаз да ертең алып кел. Тағы айтамын, жарты бет, одан асырма...

Ұрланып Әбекеңнің жүзіне қараймын. Қоспасыз шын пейілімен айтып тұр. Мә, безгелдек! Ақордаға! Денем дірілдей бастағаннан сау ма. «Жазған құлда шаршау бар ма!» Түнімен сол бар болғыр жарты беттің бес-алты нұсқасын жазған шығармын. Екі оттың ортасында қалғаным анық. Сол жарты беттің басында тұрғанның да, аяғындағының да аты-жөндерінен ат үркеді. Өзімше барымды салып бақтым.

Ертеңінде алып-ұшып Әбекеңе жетейін: – Ал оқы, асықпай оқы.

Екі-үш мәрте асықпай оқыдым. – Кәне, өзіме берші. Торкөз дәптердің бір парағына қолмен жазылған жарты бетке біраз қарап тұрды да ортасынан қақ бөліп, қоқыс жәшігіне тастай салды.

Ізінше Төлен ағам хабарласты: – Әбекеңнің қасында кеше қай уаққа дейін болдың?

– Түнгі бірге таман үйге әзер жеттім. Төкең күлді. Бәлкім, бас шайқаған да болар.

Аралдағы атақты музей

Арал қаласында, туған жерінде жазушыға арналған әдемі мұражай бар. Оны кезінде Қырымбек Елеуұлы Көшербаев Қызылорда облысында әкім болып тұрған кезінде салдырған-ды. Теңіз жағалауына алыс-жақыннан келгендердің алдымен маңдай тірейтін киелі «қағбасы». Ішке кірсеңіз, қаламгердің ұзақ ғұмырнамасынан толықтай мағұлмат аласыз. Жоқ, айтпағымыз бұл емес, қолсозым жердегі «Соңғы парыз» кейіпкерлеріне арнап қойылған түр-түсі бөлектеу, ерекше ескерткіш еріксіз көз тартады. Бір тылсым күш магнитше тапжылдырмай, олай-былай қозғалуға шаманды келтірмей, сол жерде біразға дейін ұстап тұрады. «... Мөлт етіп омырауға тамған екі түйір сол бойда мөлдіреп мұз моншаққа айналды. Бірақ оны әйел сезген де, білген де жоқ. Ерні жыбырлап: «Ұш, пақыр» деді; Берекесі кеткен дүниенің тағы бір қарлы қара дауылын басынан өткізіп, енді, әне, шығыстан қызарып атып келе жатқан жарық дүниенің жаршысындай ұйқысынан жаңа оянып жатқан адамдарға жет!» деді; «желтоқсанның тағы бір қарлы қара дауылында бұлар бастан кешкен кешегі бар-бар шындықтың түгін қалдырмай, түгел айт!» деді. «Шырылда!» деді. «Дүниеде ештеңеге тұлға болмасаң да, бірақ сен аман бол!» деді. «Шырылда!» деді. – Шырылда! Шырылда, байғұс!».

Шығарма осылай аяқталады. Бәкизат адам төзгісіз талай азапты бастап кешіп, жаңа ғана демі үзілген күйеуі Жәдігердің суықтан паналап кеудесіне тығылған бір шұқым торғайды өлтірмей, шығыстан атып келе жатқан таң нұрына үсік шалған жүзін бұрып, болашақтан үміт үзбей аспанға ұшырып жібереді. Осы аккорд, осы көрініс қапелімде қалайша тас мүсінге айналып, қалайша көз алдында тұра қалады десеңші?! Бұл тұрғыдағы мүсіншінің шеберлігінде шек жоқ. (Сәулетші К.Байғазиев). Осы тарауды өз басым бәлкім, жүз мәрте оқыған шығармын. Қағаздан жатырқап, қолың жүрмей қалған шақта демеп жіберетін тосын күш. Қалай ойластырылған және жан тебірентерлік толғаныстың әсері қандай! Әдебиеттегі әдіс-тәсілдерді шемішкеше шағатын әлемдік масштабтағы сөз зергерлері осы шешім қалай табылған деп, әлі күнге дейін таңданыстарын жасырмайды.

– Соңғы тарау алдымен жазылды, – дейді Әбекең. Әрине, оның да мың-сан рет шимайланғандығын ішіміз сезеді. Жазушыны аздап шаршатқан – дилогияның атауы. «Сең», «Соңғы парыз», «И был день...», «И была ночь...» – Көпке дейін «И»-дің иінін келтіре алмадым. «Бір күн...», «Бір түн...» Тым шолақ. Жүрекке түспейді. Жақын жүрген жігіттерге ойланыңдаршы деп қолқа салдым. Бір күні айналайын Әбіш звандады. «Шал, жазып ал: «Осындай да күн болған...», «Осындай да түн болған...» Көңіліме бірден қона кетті. Айналайын Әбіш тапқыр ғой, тапқыр!.. Давид Кугультинов: «Соңғы тараудың әсерінен бір жеті ұйықтай алмай жүрдім» деді. Өтірік айтса өзіне.

Қайдан өтірік айтсын. Қаламгерді әбден «азапқа салған» және алдымен қағазға түскен соңғы тарау қайтіп оңай оқылсын. Жолыңыз түссе жазушының Аралдағы музейіне кіріп шығыңыз. Өкінбейсіз...

«Түнде бір оянып, Имашты бір көріп кетемін...»

Таныс қоңырау: – Келіп кетсеңші. Өзің білетін сол палата. Қашан келесің, кешікпе...

Сол сағатында жетіп барғанбыз. Әбекеңнің төсегі бос. Медбикелер де бір құпияны жасыратын тәрізді: – Тысқа шығып, таза ауа жұтып жүрген болар. Аурухана ауласын арлы-берлі кезгілейміз. Жоқ. – Бір айналып соқсаңызшы! – дейді қартаң дәрігер. Қайда кеткендігін білсе де айта алмайды, себебі аурухана ережесін сақтамаған өздері кінәлі. Бірер сағат кәкір-шүкір шаруаны күйттегенсіп, таныс палатаға қайта келгенбіз. Өлі тыныштық. Кетіп қалайын десең, үлкен кісіге уәде берген соң ыңғайсыз. Қойшы әйтеуір, күн бата Әбекең шаршап-шалдығып төбе көрсетті-ау: – Көп күттің бе?

– Төрт-бес сағаттың шамасы.

– Дүкен араладым. Сен таңғалма. Ертең ауруханадан шығып, Алматыға жүремін. Қос немерем алдымнан шығып, «атам бізге не әкелді?» деп қолыма қарайды ғой. Осындағы бір қызды ертіп алдым да, балаларға базарлық іздедім. Әзер таптым. Өзімнің де сілікпем шықты.

– Ақшасын беріп, размерін айтып сол қызды-ақ жұмсамадыңыз ба? Сізден гөрі оған солар икемді ғой.

– Бәли, ондай ақылыңды қалтаңа салып қой. Көзім тірі тұрғанда немерелеріме сыйлықты өзім таңдап аламын.

Үлкендердің қай-қайсысы болмасын, «немерелері үшін жан беруге қайлы ғой». Десе де жазушының немерелеріне деген сүйіспеншілігі ерекше. Жазудан жалыққан сәтте сол немерелерімен алданып, солармен бірге рақатқа кенеледі. Және одан шаршамайды. «Менің ендігі алданышым осы екеуі...» деп өзі де талай айтқан.

Тағы да таныс дауыс: – Астанадамын. Жаңа ғана жігіттер әкеліп «Аққуға» орналастырып кетті. Осы қонақүй шағын, жүріп-тұруыма ыңғайлы. Соғып кет... (Уақытың, мүмкіндігің бола ма демейді. Әлде бізге еркелейді).

– Осы жолғы келісімнің мән-жайын түсіндірейін. Биліктегілердің ешқайсысымен хабарласпаймын, оларға жоламаймын, – деді біз бөлмесіне кірер-кірместен. Тым көңілді. Біздің бас-аяғымызға да мерейлене қарады: – Имашты білесің ғой, сол Имашжанға «балелшік» болып келдім. Ой-бой, ол әтәңәлеттің кімге тартып, кімнен үйреніп жүргенін қайдам, біздің тұқымда жоқ кәсіп. Хоккейші. Хоккей десе ішкен асын жерге қояды. Және удары қандай, тура кісі жығады! Осы спортқа кішкентайынан бауыр басты. Біз де «қой» дегеніміз жоқ. Сүйтсем, хоккейі тамаша спорт түрі екен ғой. Коньки тепкенде жұлдыздай ағады. Бойы да, ойы да өсіп қалды. Үлкен адам секілді сөздері де салмақты. Имаш ертең осындағы атақты стадионда Қытайдан келген оқушылар командасымен кездеседі. Жарыс қой кәдімгі. Дауысым жеткенше қиқулап отырамын-дағы. Имашқа ол да демеу. Соған «балелшік» боламыз деп, үй-ішімізбен көшіп келдік Астанаға. Олар стадионға жақын қонақүйге орналасты...

Әдебиет, жазған-сызғандары туралы ләм-мим ауыз ашқан жоқ. Тағы да Имаш.

– Байқадың ба, байқамадың ба, Алматыдағы үйдің ауласына сол үшін ойын алаңын ашып қойдық. Көбіне сонда жаттығады. Удары сұмдық. Тиген жерін ойып түседі. Ертеңгі жарыста да көзге түсеріне сенімім мол. Қытайлар да осал емес көрінеді. Бірақ Имашқа үлкен үміт артамын.

Немересі жайлы хикаяның жуық маңда аяқталар түрі байқалмайды. Астананың ауа райы, мұндағы әдеби ахуал, қаламгерлердің көңіл-күйлері туралы сұрақ-жауап шорт үзіледі де, араға кимелеп Имашжан кіреді де кетеді.

– Ұйқым жақсы, бірақ түнде бір оянып, немерем Имашты бір көріп кетемін... Шайбасы түскірді бұрын қолыма ұстап көрмеппін. Тастай пәле ғой өзі. Ол рабайда көзге, бетке тисе не болмақ. Сондықтан Имашқа қайда болмасын, шлемді тастама деп ақыл айтамын. Бірер мәрте өзі де оңбай «таяқ жеді».

– Дұрыс, – деймін самарқау. – Өстіп бостан-бос жата бересіз бе?

– Қайдағы бос жатқан. Мұқан Иманжанов, Жұмабай Тәшенов, Иманғали Тасмағамбетов жайлы жазғандарымды бастан-аяқ қайта қарадым. Кей тұстарын қысқартып, кей тұстарына тың деректер қостым. Енді бір жобаға келген секілді. Өлі-өлгенше қаламнан қол үзгізе көрме деп Құдайдан соны тілеп жалбарынамын. Біздің өмір санаулы ғой. Әлі де бітпеген шаруа шашетек.

– «Аққудың» асын біраз іштіңіз ғой, үйге, шайға жүрсеңізші.

– Шай ішуге болар. Бірақ келінге мынаны ескерт. Аста-төк дастарқанға әуре болмасын. Оны бәрібір жемеймін. Маған жаңа піскен бауырсақ, қуырылған екі кеспе балық, сосын шығымды шай... Бітті.

Не құдіретінің барын қайдам, Әбекең отырған сол үстөлге жиі құйрық қойғым келеді де тұрады.

Бельгиядан келген хат

Елордадағы нейрохирургия орталығы. Ауруханаңның күн батыс бетіндегі шағын палата құдды Әбекеңнің көшпелі «қабылдау бөлмесі» секілді. Қолы қаламнан қалт еткенде белгілі қоғам қайраткерлері мен бизнесмендерді бірінен соң бірін қабылдап жатады. Соның арасында үйреншікті ем-домын да алып үлгереді. Тыным жоқ. Бір келгенде: – Мидың қан тамырларын түгелге жуық аппаратқа салып тексерттім. Алжудан, ұмытшақтықтан аман екенбіз әзірге...

Тоқсаннан асқан қаламгердің өмір сүруге деген құлшынысы сұмдық. Жан-жақтан телефон соғатындардың көбісімен еменжарқын сөйлеседі. Олардың кімдер екендігін де әңгіме ауанынан аңғарасың. Әбекең ұзақ-қа созылған мағыналы да мазмұнды ғұмырында қазақтың талай жақсы, жайсаңдарымен дәм-тұздас, дастарқандас болды, тонның ішкі бауындай жақын араласты. Төрегелді Шарманов, Асанәлі Әшімов, Сәбит Оразбаев... солардың ішінде. Қаламдас, үзеңгілес інілері: Әбіш, Әнес, Төлен, Қажығали, Бексұлтан, Дулат, Нұрлан, Тынымбай, Молдахмет, Мұхтар Құл-Мұхаммед, Сейдахмет, Уәлихан, Смағұлдармен аратұра кездесіп, пікірлескенді ұнататын. Біздің тұстастардан қатаң «дистанция» сақтап, Мереке, Рахымжан, Ұлықбек, Сауытбек, Жұмабай, Тұрысбек, Құлбек, Дархан, Қуандық, Қали, Жүсіпбек, Серік, Бауыржан Омарұлы, Шархан, Нұрлыбек, Амангелділермен ара-тұра араласты. «Араластының» аржағында атан түйеге жүк болар үлкен жауапкершілік жатады. Бір жерден біреудің бірдемесін оқыса, тіпті бір-екі сөйлемі ұнаса да (әрине, мұндай жағдай сирек), оны ретін тауып түртіп қояды. Оның шет-жағасын «Таң-Шолпанда» бірге жұмыс істегенде көрдік. Берік ұстанымы: «Менің көңіліме қарамаңдар. Жауым болса да шығармасы жақсы екен, дереу журналға жариялаңдар».

Әу бастан газет оқуға құмарлығы шамалы.

– Уақыт алады, кейбір мақалалар жүйкеге тиеді. Тек «Алматы ақшамын» ғана бастан-аяқ қарап шығамын. Сан-сапалақ саясаттың арасынан Қали қалай дегенде де оқитын бірнәрселерді тауып жазады.

Телефон зың-зың: – Маған Дарханның нөмірін тауып берші.

– Ол блокнатыңызда көрнекі цифрлармен жазулы ғой.

– Таптым. Өзің қашан келесің?

– ?

– Тап қазір келші!..

«Не шаруа?» Қайта сұрауға үлгермейсің. Баяғы құлақ үйренген «тез жет!». Ауруханаңның Әбекеңнің палатасына жеткенге дейінгі есіктерінің бәрі «ашық». Медбикелердің көздері үйренгені сонша, «қайда, кімге барасың?» демейді. «Ана жолғы қырық беттік эссені қайта оқымаса нетті...»

– Келдің бе, не әкелдің? Мұнысы жағдайым жақсы дегенінің белгісі. Жүзі жылы. Сырт киімді шешпестен, тікемнен тік тұрмын.

– Жақында Бельгиядан Жорж Буйоннан хат алдым. Жорж Буйоннан хабарың бар ма? Бельгияның белгілі қоғам қайраткері, ақын, жазушы. Ана жылы Қазақстанға келген. «Мен Қазақстанның көкжиегінен таң көрдім» деген кітабы бар. Білесің ғой, Луй Арогоннан бастап, Жан Монтальбетти, Август Видаль, Андре Стиль, Альбер Фишлер, Мұстай Кәрім, Шыңғыс Айтматов... мен туралы бәрі жазды. Оқыған боларсың?

– Кітапта бар.

– Солардың ішінен мына хат маған ерекше ұнайды. Біраз жігіттерге оқып бердім. Сені де біле жүрсін дегенім ғой. Тыңда: «Біз, мына батыс оқырмандары, француз тіліне аударылған нағыз қазақ қаламгерлері Мұхтар Әуезов пен Әбдіжәміл Нұрпейісовті мысалға келтіре аламыз. Әуезов жайлы айтқанбыз, енді Нұрпейісовті атап өткім келеді. Иә, Қазақстан мақтана беруіне болады. Революция шапағымен бірге азаттық пен әділеттік жолында өз халқының қасіреті мен ұлылығын паш еткен нағыз жауһар – шедеврлер бере білген жазушыларымен мақтана беруіне болады. Осының бәрі бір буын ұрпақ жазушыларының маңдайына жазылыпты».

– Қалай?

– Тамаша!

Со тұрғанда Гер-ағаңның, Герольд Бельгердің сәл әзіл аралас мына сөзі ойға оралды: «Ағаларың мақтанудың да жымын білдірмейді. Сендер оны аңғармайсыңдар...» Иә, мақтанса несі бар, мақтануға тұратын-ақ оқиға.

– Қазір дәрігерім келеді, массаж жасайды. Сен шаруаңа бара бер.

Сыртқа шыққан соң аң-таң күйдемін. Не болды? Орталықтан такси жалдап, ебіл-дебіл жеткен еңбегім-ай! «Әбекең әдебиет үшін кісі өлтіреді!..» Осы тіркестің ойға қайдан сап ете қалғандығына қайранмын. Күлесің бе, жылайсың ба?!

Стипендия

Әдебиетке адалдық, тасқа басылған әрбір сөздің қадір-қасиетіне асқан жауапкершілікпен қарау – кешегі «алыптар тобынан» кейін келген қарымды қаламгерлердің ең басты ұстанымы болды ғой деп топшылаймын. Айтпағым, бүгінгі өлшеммен қарағанда елді елең еткізерліктей елеулі оқиға емес, бірақ соған қарамай ПЕН-клуб құрылтайшылары соның өзіне ерекше мән беріп, кәдімгідей көңіл аударған-ды. Жаңадан жарық көре бастаған «Таң-Шолпан» журналының бөлім меңгерушілігін тағайындау деген не тәйірі, оны бір-екі адам-ақ шеше салмай ма. Жоқ, мені журналдың проза бөлімі меңгерушілігіне бекіту үшін кезекті басқосуда жиналғандар дауысқа салып, жан-жақты талқылады. Сірә, сенімнің соңында зілбатпан сұрау болатындығын, ертеңгі шаруаға жүрдім-бардым қарауға болмайтындығын шегелеп түсіндірген де шығар. «Шығар» емес, дәл солай. Екі айда бір нөмірі даярланатын журналға жұрт тұшынып оқитын прозалық шығармалар таба алмай, шыбын жан алқымға тірелді десем, ел илана қоя ма. Өткен ғасырдың соңында дәл қазіргідей жазармандардың қарасы тым қалың емес-ті, иә, ол кезде де таңдайға салсаң табанда еріп жүре беретіндей, талай тамаша туындылар жазылып жатқан-ды. Менің пайымым солай, «осының қолынан бірнәрсе келеді-ау, жібі түзу проза жазуға шамасы жетеді-ау» деп таныс-білістердің есігін қағып және журналға жарияланса қомақты қаламақы алатындығын қосымша үстемелеп, үстөл тартпасында жатқан тың туындыларын әкекөкелеп сұрап аламын.

Таңданбасқа амал нешік, сонша әлемге даңқы жайылған абырой-беделіне қарамай, кезекті шығармасын он өшіріп, он мәрте қайта жазып, жанталасып жатқандығын естен шығарып ап, кезекті санға баратын барлық қолжазбаларды Әбдіжәміл ағаның өзі оқиды. Оқығанда да асықпайды. Осылар жарап қалар деген үмітпен қолымдағы барды мұқияттап, өзім де он қайтара оқып, қала сыртындағы саяжайына апарып тастаймын. Ал содан кейін үздіге күтудің азабы басталады. Қоңырау: «Кел, анадағыңды алып кет!» Дауыс қатқыл, үрей одан әрі күшейе түседі: «Сендер қолжазбамен жұмыс істеуге жалқаусыңдар!..» Өткен өмір естеліктері там-тұмдап еске түседі: «Анау Толстой, Толстой басымен «Анна Каренина»-ның сегіз нұсқасын жасаған. Ясная Полянаға барғанда сегіз нұсқаны да көзіммен көрдім. Ал сендер...» Классиктің одан соңғы ескертпелері де жай сөйлеп отырған секілді болғанымен, шыбын жаныңды аяусыз шабақтайды. Нокаут алған боксшыдай басың салбырап, көзің қарауытып, сол арадан кеткенше асығасың. Бір топ қолжазбаның ішінен бір-екеуінің шекесіне ғана қызыл қаламмен немкеттілеу белгі соғылады. Қалғанын құшақтап кері қайтасың. Тағы да «нең бар-ей!» деп тұстастарыңның мазасын алу.

Бірде Әбекеңнің көңілді сәтінің үстінен түстім.

– Сенің газеттегі жалақың қанша? (Бір мекенжайда орналасқандықтан «Ана тілі» апталығы бас редакторының орынбасарлығын да қоса атқаратынмын).

– 130-140 мың теңгенің шамасы.

– Жүз доллар ғой. Биыл ПЕН-клуб жазамын, көрінемін, тақырыбым дайын, күнделікті күйбең тірліктен қол босамайды деп қиналып жүрген қаламгерлерді қолдау мақсатында ай сайын 100 доллар көлемінде бір жылға стипендия тағайындамақ. Қалай? Бір нәрсе жазсам деген ниетің бар ма? Бірақ «ұзын арқан, кең тұсауды» осы бастан қаперге алмайсың және жазған дүниеңді алдымен маған оқытасың. Сенімнен шыға алмасаң өзіңе өкпеле! Бұл араға ағайынгершілік жүрмейді. Бүгін ойлан, ертең жауабын бер...

Сөйтіп, бір жыл жұмыстан босанып, «Даңқ түрмесінің тұтқыны» – алғашқы романымды жазуға отырдым. Кейін роман «Таң-Шолпан» журналының бірнеше нөмеріне жарияланды. ПЕН-клуб стипендиясына Қадыр Мырза Әлі ағам да іліккен-ді. Ізінше Г.Бельгер ПЕН-клубтың қазақ қаламгерлеріне жасаған қамқорлығы жайлы «Аргументы и фактыге» арнайы мақала жазды. Әр айдың басында Қадыр ағам екеуміз тізіліп, Ә.Нұрпейісовтің М.Төлебаев көшесіндегі пәтеріне барамыз. «Келдіңдер ме?..» Әбекең миығынан күледі. Құжат, іс-қағаздарына аса мән бермейтін ағамыз ешбір тізімге қол қойғызбай-ақ қалтасынан бір-бір жүз долларды суырып беретін де, байпаңдап жазу бөлмесіне өтетін.

Қайран, ол да бір ұмытылмайтын дәурен екен-ау!..

Қуаныш ЖИЕНБАЙ,
жазушы, Қазақстанның
еңбек сіңірген қайраткері

№192-193 (20866-20867) 14 желтоқсан, сенбі 2024 жыл

Ас беру, жаназа шығару, өмірден өткен адамды жерлеу рәсімдерін ұлттық дәстүр мен ҚМДБ әдістемесіне сай өткізу керек. Сәрсенбіде облыстық ардагерлер кеңесінің кеңейтілген алқа мәжілісі өтіп, Сыр жұртшылығына осы сарында үндеу жарияланды.

ЫСЫРАП – ЫРЫСТЫҢ ЖҰТЫ

Осы күні қазалы үйде үш күнге дейін қазан көтермейтін қазақ жоқ-ау. Ет жақынынан айырылып, онсыз да жүрегі езіліп отырған отбасы салттан гөрі салтанатты дастарқанға көбірек көңіл бөлетін болған. Бар-жоғына қарамай, бірінен-бірі қалысқысы келмей өзара жарысқа түседі. «Өлім бардың малын шашады, жоқтың артын ашады» дегеннен артық сөз де таппайсың мұндайда.

Алқа мәжілісінде кеңес төрағасы Серік Дүйсенбаев Құдайы астың негізгі мәні – көпшіліктің басын қосып, марқұмға Құран бағыштап, дұға жасау, Алла Тағаланың мейірімін, Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) шапағатын тілеу, пендешілікпен жасаған қателіктері мен күнәлары үшін Жаратқаннан жарылқау сұрау екенін атап өтті. Алайда, дастарқан қамымен жүргенде маңызды дүниелер қаперден тыс қалатыны өкінішті.

– Жақынынан айырылған қаралы шаңырақ көпшілікке ас беруді перзенттік міндеті санап, дастарқан жайып, шектен тыс шығындалуға мәжбүр. Ауқатты отбасылар асқа ірі қара сойып, құрбан шалып жатқанда қалтасы жұқалау отбасылар да одан қалысқысы келмейді. Қарызданып-қауғаланып жүріп ас береді. Шын мәнінде шариғатта «Жеңілдетіңдер, ауырлатпаңдар, сүйіншілеңдер, қорқытпаңдар!» деген. Осы сияқты әдет-ғұрыптар мен рәсімдер реттелмесе, жағдай күрделенуі мүмкін. Сондықтан еске алу іс-шараларын ұйымдастыру, өткізу мәселесі шариғат заңдары мен салт-дәстүр бойынша реттелуі қажет, – деді Серік Дүйсенбаев.

Құдайы аста кәде (сыйлық, тәбәрік, жыртыс, тағысын тағы) тарату да шариғат талабына сай келмейді. Оның орнына сол ақшаға шын мұқтаждардың қажетін өтесе, нағыз сауапты іс сол. Кеңес төрағасы әрбір ысыраптың сұрауы мен обалы барын айта келе, түйткілдің түйінін шешу үшін қоғамдық ұйымдар, халық, әулет, рубасылар мен данагөй ақсақалдарды, зиялы қауым және дін өкілдерін бірге үн қосуға шақырды.

– Қазалы жерлерде азық-түлікті аямай, тойханада дастарқанды жайнатып жіберетіндер бар. Құдайыға емес, тойға келгендей боласың. «Әркім өзі біледі ғой» дегенмен, кей ағайын қалтасы көтермесе елден қалғысы келмейді. Қайғыдан қан жұтып отырған шаңырақтан тамақ ішіп, бос әңгіме айтып, арсыз күлкіге еру дұрыс емес. Қайта туыс-жақыны, көрші-қолаңы, жора-жолдасы демеу болып, қаралы отбасын қамқорлыққа алып, қайғысын жеңілдетіп, барлық шаруадан босатуға күш салуы қажет. Марқұмның жақындары мал іздеп, базар аралап, қарыз сұрап сабылып кетпеуі тиіс. Бұл, біріншіден, ысырапшылдыққа, екіншіден, ол отбасыны шектен тыс ауыртпашылыққа итермелейді. Кісі баласын қаржылық қиындыққа немесе қарызға батырып қою – қиянат іс, – дейді кеңес төрағасы.

Облыстың бас имамы Дастан Құрманбаев жаназа мен жерлеу рәсімі кезіндегі ысырапшылдық жайына тоқталды. Ислам дінінің қағидалары мен ұлттық салт-дәстүр үйлесім тапқан жағдайда қоғамдағы рухани, материалдық тепе-теңдікті сақтауға болатынын айтты.

– Жаназа үстінде ақша, орамал тарату, сондай-ақ шапан үлестіру көріністеріне куә болып жүрміз. Біріншіден, бұл қаражат марқұмның отбасынан шығатын болғандықтан бұл да оларға ауыртпалық салатыны сөзсіз. Екіншіден, көбінесе таратылып жүрген дәке орамалды, сөздің шынын айтқанда, ешкім пайдаланбайды. Бар болса, бұрышына түйіп байлаған тиынды ғана алады. Оны марқұмның атынан берілген садақа деп есептейін десек, шариғат бойынша садақаны міндетті түрде емес, ерікті түрде беру керек. Ал халық арасында үрдіс болып кеткен істерді адамдар міндет деп біледі. Ендеше, біреудің шамасы келіп, енді біреудің шамасы жете бермейтін мұндай садақаны жаназа үстінде емес, басқа уақытта да беруге болады, – дейді Дастан Құрманбаев.

Ашық дерексөз негізінде дайындаған Г.Отешова

Жаназа үстінде ақша, орамал тарату, сондай-ақ шапан үлестіру көріністеріне куә болып жүрміз. Біріншіден, бұл қаражат марқұмның отбасынан шығатын болғандықтан бұл да оларға ауыртпалық салатыны сөзсіз. Екіншіден, көбінесе таратылып жүрген дәке орамалды, сөздің шынын айтқанда, ешкім пайдаланбайды. Бар болса, бұрышына түйіп байлаған тиынды ғана алады. Оны марқұмның атынан берілген садақа деп есептейін десек, шариғат бойынша садақаны міндетті түрде емес, ерікті түрде беру керек. Ал халық арасында үрдіс болып кеткен істерді адамдар міндет деп біледі. Ендеше, біреудің шамасы келіп, енді біреудің шамасы жете бермейтін мұндай садақаны жаназа үстінде емес, басқа уақытта да беруге болады.

Қайтқан кісіні жерлеуге байланысты да жарыс өтіп жатқандай. Зират басына құлпытастан бөлек үлкен ескерткіштер, сәнді қоршаулар, мүсін кеуделер тұрғызу белең алды. Сайып келгенде, марқұмға мұның ешқандай пайдасы жоқ. Соған жұмсалған қаражатты жетім-жесірге үлестіріп, көрші-қолаң, ағайын-туысқа қарайласқан, білім ошақтарын тұрғызу, пайдалы кітаптар мен оқулықтар шығару секілді игі істерге жұмсап, сауабын қайтыс болған кісілерге бағыштаған әлдеқайда дұрыс. Бұл бағытта ҚМДБ «Жаназа және жерлеу рәсімдері» кітабын шығарып, «Ас беру мәдениеті», «Зират және зиярат әдебі» құжаттарын қабылдаған.

Бас имам құжаттағы бірнеше мәселені назарға салды.

– Дінімізде «міндетті түрде қарызданып немесе өзіне жетпей жатқан қажетті қаржыны жұмсап, өлі атынан мал сойып, садақа бер» деген үкім жоқ. Құдайы ас берілген жағдайда ысырапқа жол берілместен атқарылуы тиіс. Біз ұстанатын Әбу Ханифа мазhабында марқұмның жетісін, қырқын, жүзін беру – жаназаға қатыса алмаған алыстағы ағайын-туысқандары көңіл айтып, көрісу үшін жасалатын «мубах», яғни рұқсат етілген жоралғылардың бірі. Сондықтан алыстан келген ағайынға берілетін тамақты айтпағанда, жалпы жұртқа қонақасы беру дұрыс емес. Көңіл айтуға барған жергілікті тұрғындар да үй иелерін тамақпен әбігерге салмау үшін көңіл қосын білдіргеннен кейін ол жерде көп кідірмегені жөн, – дейді ол.

Келелі жиында мүфтият өкілдері мен ардагерлер ой-пікірлерін ортаға салды. Қазалы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Оразғали Бекпанов дүние салған жанды жер қойнына тапсыруға дейінгі және одан кейінгі жетісі, қырық күндігі, жыл толуына байланысты, тағы басқа шараларды өткізу ауданда бірізділікке түскенін жеткізді. ҚМДБ қойған талаптар осылай біртіндеп орындалып келеді. Бұл енді өзге аудандар мен облыс орталығы үшін үлгі болуы керек.

Облыстық ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі Қалқазбек Әжібеков қазалы үйдің иесін асқа арнап жылқы союға, кең дастарқан жаюға итермелейтін өздерінің туған-туысы екенін, бірақ ислам дінінде ысырапшылдық құпталмағанын тілге тиек етті.

– Құдайы ас кезінде дастарқанда бос орын болмайтынын, айналдырған бір сағаттық шарада оның ішіп-жеп тауысу мүмкін емес тағам түрлерімен толтырылатынын көріп жүрміз. Келгендер ақыр аяғында оны пакетке салып алады. Көп жағдайда мейрамханалардың артындағы қоқыс жәшіктері, тамақ қалдығына толады. Өзімізбен бір елде тұрып жатқан өзбек, татар ұлттарында үш күнге дейін қазан қайнатпау тыйымы жақсы сақталған. Жаназаны шығарған соң жыртыс таратуды да тыю керек. Ер кісілерге шаршылауға жетпейтін орамалды, әйелдерге қымбат матаны пайдасыз етіп бөлшектеп беріп, қаралы үйді шығынға батырудың не қажеті бар?! – дейді ол.

Қызылорда қаласындағы «Нұр» мешітінің бас имамы Берік Сүлейменов ҚМДБ жанындағы «Қамқор-Шарапат» салттық қызмет көрсету орталығы ұсынатын қызметтің тиімділігіне тоқталды. Еліміздің барлық өңірінде орталық өкілдігі бар. Онда марқұм болған туысының жаназасы мен жерлеу рәсімін шариғат талабына сай атқарып беруді сұраған мұсылмандардың өтінішіне байланысты марқұмды жуындыру, кебіндеу, жаназасын шығару, жерлеу, қабір басына құлпытас орнату, марқұмның құрметіне арналған құдайы астарда Құран бағыштап, дұға жасау сияқты қызмет түрлері қамтылған.

– Басты мақсат – көпқабатты үйлерде тұратын немесе әртүрлі себеппен жерлеу рәсімі қиындық туғызған адамдарға қолайлы жағдай жасау. Сонымен қатар жерлеу рәсімдері мен қабір көтеру мәдениетін қалыптастырып, бірізділікке түсіру. Орталық қызметі салт-дәстүрге, діни талаптар мен осы заманғы стандарттарға сай жүзеге асырылады, – дейді мешіт өкілі.

Қоғам қайраткері Қорғанбек Қайруллаев жаназада да, тойда да шапан тарату үрдіске айналғанына қынжылыс білдірді.

– Сөздік қорымызда «шапанизация» деген термин пайда болды. Біздің түсінігімізде шапан – қастерлі, кәделі ұлттық киім. Бұрын оны кім көрінгенге сыйламайтын. Қазір кез келген жерге тықпалап, аяқасты қылдық. Жарқыратып киіп жүрген ешкімді көрмейсің. Маңдай тер, адал ақымен келген дүние болғасын обал, – дейді ардагер.

Ақын Мамыр Байдәулетов он шақты жылдан бері құдайы ас басқарған тәжірибесінде кезіккен келеңсіздіктер туралы айтты.

– 17 жастағы бала қайтыс болған үйге барғанымда туыстарының дастарқанға табақ-табақ ет тартып жатқаны жаныма батты. Соған баратын өзіміз. Қазалы үйде төрге озып, жайланып отыру жарамайды. Шариғатты былай қойғанда бұл адамгершілікке жатпайды. Мұны әр адам өзі ұғынуы, әр әулеттің үлкендері құлаққа құя беруі керек. Әдеп, мәдениеттен аспайық. Жас қыршын қайтқан жерде көңіл қосын білдіргеннен кейін сөзіңіз өтетін топты алып шығып кеткен дұрыс, – дейді ол.

Облыстық ардагерлер кеңесінің алқа мүшесі Нәжмадин Мұсабаев жоғарыда көтерілген мәселелердің шешімін орындау жолы туралы ой білдірді.

– Мәйіт шыққан үйде сол күні қонақасы беруді тоқтатайық. Ертеректе атпен бірнеше түндік жерден келген ағайын марқұмның жетісін өткізіп қайтатын. Осы қонақтарға берілетін асты «қонақасы» дейді. Заманның ағымына қарай оның мәні өзгеріп, жұртты жаппай тамақтандыруға көштік. Бұл – сол отбасы үшін үлкен салмақ. Дастарқанды ықшамдауға қосыламын. Мұны халыққа орындатуда ардагерлермен бірге мешіт имамдары күш жұмылдыруы қажет. Қазір қалада да, ауылда да мешіттер жеткілікті. Қазалы үйдің адамдарынан шақырту алған кезде имамдар мүфтият бекіткен ас мәзірін көрсетіп, сонымен шектелуді талап етуі керек, – дейді ол.

Облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасының орынбасары Өмірбек Шәменов ел ағаларының елдік мәселелердегі үлесін даралап, зейнеткер мен ардагер ұғымының аражігін ажыратып берді.

– Ардагер деген – үлкендер үшін ең үлкен абыройлы атақ. Зейнетке шыққандардың бәрін «ардагер» деп айту дұрыс емес. Жасы келіп зейнетке шыққандар, үйінде отырғандар зейнеткер деп аталады. Ал ардагер – қоғамдық ұйымға еңбегі сінген, тәжірибесі мол, адамгершілігі зор, қайырымды, мейірімді, ортаға сыйлы, көпке сөзі жүретін, өмір жолы үлгілі, қоғам өмірінен тысқары қалмайтын замандастарымыз, – деп атап өтті ол.

Жиын соңында халықты жерлеу рәсімінде аста-төк дастарқан жаймауға, марқұмның қонақасын алыстан келген қонақтармен ғана шектеуге, жаназа намазы мен марқұмның жылдық асына дейінгі ас беруде шапан, ақша таратпауға шақыратын үндеу жарияланды. Сондай-ақ кісі қайтыс болғаннан бастап қырқы, жүзі, жылдық асын беру кезінде бекітілген ас мәзірінің қатаң сақталуы талап етіледі.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

Мәйіт шыққан үйде сол күні қонақасы беруді тоқтатайық. Ертеректе атпен бірнеше түндік жерден келген ағайын марқұмның жетісін өткізіп қайтатын. Осы қонақтарға берілетін асты «қонақасы» дейді. Заманның ағымына қарай оның мәні өзгеріп, жұртты жаппай тамақтандыруға көштік. Бұл – сол отбасы үшін үлкен салмақ. Дастарқанды ықшамдауға қосыламын. Мұны халыққа орындатуда ардагерлермен бірге мешіт имамдары күш жұмылдыруы қажет. Қазір қалада да, ауылда да мешіттер жеткілікті. Қазалы үйдің адамдарынан шақырту алған кезде имамдар мүфтият бекіткен ас мәзірін көрсетіп, сонымен шектелуді талап етуі керек.

Қызылорда облыстық ардагерлер кеңесі мен ҚМДБ Қызылорда облысы бойынша өкілдігінің бірлескен ҮНДЕУІ

Құрметті жерлестер!

Ас беру, жаназа шығару, зират салу, жалпы марқұм болған адамдарды жөн-жоралғыға сәйкес жерлеу мәдениетін халқымыздың дәстүрі мен Қазақстан мұсылмандары діни басқармасының әдістемелеріне негіздеп, бір ізге салу аса маңызды.

Себебі құдайы астарға жайылған аста-төк дастарқан, ас беру үшін қарызға қаржы алу, түрлі деңгейдегі жиындар, жаназа мен жерлеу кезіндегі ысырапшылдық секілді түрлі шектен шығу дәстүрімізге, ата-бабаның салып кеткен сара жолына қайшы келеді.

Жасыратыны жоқ, өлікті жөнелтудің өзі бәсекеге айналып бара жатқаны рас. «Өлім бардың малын шашады, жоқтың артын ашады» деген нақыл бүгінгі күнге дәл келіп тұр.

Осы ретте облыс тұрғындарына, ағайындарға садақа мен құдайы ас өткізу, жаназа шығару кезінде артық ысырапқа жол берілмесе деген ұсыныс-тілек білдіреміз. Сонымен қатар зират басына зәулім ескерткіштер, сәнді қоршаулар, мүсін кеуделер тұрғызбауға үндейміз. Ас та төк ас беру мен зәулім зират салуға кететін қаражатты жетім-жесірге көмектесу, ағайын-туысқа қарайласу сынды сауабы мол істерге жұмсауға шақырамыз.

Біз, бүгінгі жиынның ұйымдастырушылары, ағайынның көкейінде жүрген мәселелерді ескере келе:

- марқұмды жерлеуде аста-төк дастарқан жаймауға;
- діни дәстүрде жоқ марқұмның қонақасын алыстан келген қонақтармен шектелуге;
- жаназа намазы мен марқұмның жылдық асына дейінгі ас беруде, аталыққа шапан және ақша таратпауға;
- жаназа намазын міндетті түрде мешіт имамдарының қатысуымен өткізуге;
- зәулім зираттар мен қымбат құлыптастар тұрғызбауға;
- руға бөлініп, бейіттер тұрғызбауға;
- қаза болғаннан бастап қырқы, жүзі, жылдық ас беру кезінде бекітілген ас мәзірін қатаң сақтауға үндейміз.

Құрметті ардагерлер!

Қадірменді ағайын!

Әр нәрсенің өз реті бар. Ас беруде, жаназа шығаруда бар да, жоқ та асып-тасымағаны жөн. «Тумақ бар жерде өлмек бар» демекші, бұл әрбір отбасында болатынын естен шығармайық. Жауапкершілік жүгін сезінейік! Ысыраптан сақтанайық! Үнемшіл болайық! Мұның, ең алдымен, өзіміз үшін қажет екенін ұғынайық!

Осы үндеуді қала, аудан, кент, ауыл әкімдері, ардагерлер кеңестерінің төрағалары мен мүшелері, мешіт имамдары, қоғамдық кеңес төрағасы мен мүшелері жергілікті жерлердегі тұрғындармен талқылап, халық арасында насихат жұмыстарын жүргізіп, іске асыруды сұраймыз.

Фото: Ашық дерекқордан.

ЭТНОСӨЗДІК – ЗАМАНАУИ ТІЛДІК ҚҰРАЛ

Биыл тіл ғылымына өткен ғасырдың орта тұсында санаулы ғана қазақ түркітанушыларының бірі ретінде келіп, өзінен бұрынғы ғұламалардың салып кеткен сара жолынан таймастан өмірінің 60 жылын түркі және қазақ тіл ғылымының дамуына арнаған, жас тілші-ғалымдардың ғылыми да, рухани да әкесіне айналған академик Әбдуали Туғанбайұлы Қайдардың 100 жылдығы. Тіл ғылымының алуан түрлі салаларына қалам тарта отырып, оларды ғұмырының өзегіне айналдырған осы бір салиқалы да салмақты, қарапайым да қайратты азаматтың есімін тілсүйер қауымның өмір бойы қастерлеп өтері сөзсіз.

Қазақ тіл біліміне Ә.Қайдар арқылы жаңа бір бағыт болып қосылған «Этнолингвистика» саласына ғалым өмірінің 30 жылдан астам уақытын жұмсап, оны өзіндік ғылыми мектепке айналдырғаны белгілі. Сол еңбегінің қорытындысы – талай жылғы мақалалары мен зерттеу еңбектерінің жалғасы «Қазақтар ана тілі әлемінде» аталатын «Этнолингвистикалық сөздігі». Бұл, сөзсіз, бұрынғы сөздіктерден ерекше түсіндірмелі мағыналық сипатымен, өзіндік құрылымымен қазақ тіл біліміне қосылған құнды еңбек болып есептеледі. Бірақ осы бір теңдессіз еңбекті оқып, бұған дейінгі көп сөздіктің бірі емес екенін түсініп, оны өмірде қолдана білудің жалпы қазақ оқырманы үшін қаншалықты маңызды екенін екінің бірі біле бермеуі мүмкін. Мақала мақсаты осы бір пайдалы іске жол сілтеу еді.

Үш кітаптан тұратын «Сөздік» мазмұнына мұқият зер сала отырып, еңбектің мынадай құндылықтарына көз жеткіздік: біріншіден, «Сөздік» жас ізденушілерді тілді ғылыми тұрғыдан жаңаша зерттеуге бағыттайды, екіншіден, тіл байлығын молайтып, ойлау жүйесін, сөйлеу тілін арттырудағы білімдік маңызы зор, үшіншіден, тәрбие құралы да бола алады.

Еңбекте адамды дүниедегі жаратылыстың жоғары сатысына қойып, оның танымы негізінде пайда болған аталымдарға этносқа тән қосымша түсінік беру барысында талай-талай тың ойлар мен болашақ ғылым үшін қажетті пікірлер айтылады.

Мысалы, «Адам» аталатын алғашқы кітабында ғалымның «Адамға» «жер бетіндегі ең саналы тұлға», «күрделі, қыры мен сыры мол құбылыс», «ең күшті, ең құдіретті», «жер бетіндегі дана, ақыл-парасатты жан» тәрізді сипаттамалар берген «...Бүгінде Адам баласының қол жеткен табыстары, көтерілген өркениет биігі, сайып келгенде, сол Адам қабілетінің, ақыл-парасатының, саналы ойының жемісі...» деп қорытады. Одан әрі «Сөздіктің» тараулары мен ондағы тақырыпшалар мазмұны оқырманды қалайда бір тылсым ізденіске, адам табиғатын, түрлі қасиеті мен сипатын, тілі мен ділін, тіршілік-тынысын, оның таным философиясын тереңнен білуге ұмтылдыратыны анық.

Мысалы, қазақта зиялы деген сөз бар. Бұл сөзді көп жағдайда адамның жақсы қасиеттері тұрғысынан қолданатынымыз белгілі. Ә.Қайдар сол зиялылықтың табиғатын толық түсіну де, түсіндіру де оңай емес екенін, сондықтан бұл тылсым құбылыспен ғылым айналысу керек екенін тілге тиек етеді. Жалпылай алғанда, ғалымның ойынша, «зиялылық» (орысша интеллигенттік) – хайуанда жоқ, тек Адамға ғана тән жоғары сатыға көтерілген ерекше қасиеттердің жиынтығы. Адам – соның ұйытқысы». Осындай тоқтамға келген автор зиялы қасиеттің жағымды да, жағымсыз да болатынын ескертеді және осы қасиетке байланысты 250-дей атау бар дей келіп, оның 50-60-ына ғана талдау жасайды. Сонда, осы тұста, бірекі сұрақ туады: жағымсыз зиялылыққа қандай сөздер (атаулар), сипаттамалар жатады? 50-60-тан басқа аталымдар қандай жағдайда кездеседі, олардың этностық мағынасы қандай? Егер тілді зерттеуге бағыт алған жас зерттеуші болса, осы сұрақтарға жауап табуға тырысатыны, сол жолда талай тарихты ақтаруға баратыны анық.

Ғалымның келесі кітабы «Қоғам» деп аталады. Қоғамды даму тұрғысынан «ру-тайпалық, ұлыстық, халықтық, ұлттық, мемлекеттік қоғамдар» деп жіктеген ол осылардың ең көне әрі тұрақты ұйтқысы – этностық қоғам деген қорытындыға келеді де, оған анықтама береді. Осыдан туындайтын қазақ қауымы, қазақ қоғамы деп аталатын ұғымдарды да атап, олардың өзіндік ерекшеліктерін түсіндіреді. Жаңа аталымдар мен түсініктердің өзі-ақ, бір жағынан ғалымның кең ауқымды, жан-жақты білімдар, зиялы азамат екенін көрсетсе, екінші жағынан кітаптың да нағыз ғылыми ізденістер негізінде танылған дәлелдер мен деректерге сүйеніп жазылған шығарма екенін дәлелдейді. Сонымен бірге оқырманның да ойына ой қосып, ғылыми идеяларға жол сілтейді.

«Табиғат» аталатын 3-кітапта табиғатқа байланысты пайда болған тілдік бірліктерге түсінік беру арқылы жаңа ізденістерге арқау болар атауларға этностық түсінік беруін жалғастырады. Ондағы Жер, Су, Ауа, Топырақ, Аспан әлемі, т.б. тақырыптағы аталымдар ішінде адамдардың, әсіресе жастардың білетінінен білмейтіні көп. Мысалы, қолат, оқап, сұлама, тартпа, т.б. сөздерімен, кей жер-су атауларымен бірге жерасты қазба байлықтарына қатысты атаулар ішінде ғылыми ізденіске сұранып тұрғандары жетерлік.

Қалай десек те, «ошақтың үш бұтындай» бірінің-бірі жалғасы, бірін-бірі толықтыратын бұл кітаптар тұтастай бір толыққанды ғылыми еңбек ретінде қазақ тіл білімі ғылымының қорынан мәңгілікке орын алатындығына, сонымен бірге жас ұрпақты ғылым жолына бағыттайтын алтын көпір болатынына сенім мол.

Ал сөздіктің білімдік жағына келсек, шындығында, еңбектеген баладан, еңкейген қартқа дейінгі өзін қазақпын, Қазақстан азаматымын деп есептейтін білімге құштар, өз тілін сүйетін, тілінің байлығын молайтқысы келетін әр адам осы кітаптардан іздегенін таба алады және қазақы (этностық) ой-түсінігін молайтуға жол ашады. Сондықтан бұл еңбек алдымен ұстаз-тәрбиешілердің, қала берді, қарапайым ата-ана ретіндегі халықтың стол үстінде тұратын, жанынан ажырамас асыл дүниесі болуға тиіс деп ойлаймыз.

«Қазақ этносының шежіресі» аталатын тараудан басталатын 2-кітаптың алғашқы беті шежіреге байланысты көптеген атаулар мен терминдерге түсінік берумен басталады. Мысалы, «үш жүз, жүзге бөліну» деген тіркестерде кездесетін «жүз» сөзінің мән-мағынасын сөздік былайша түсіндіреді: «Қазақ жерінде ежелгі замандардан бері мекен еткен көшпелілердің тарихи тағдыры және шаруашылық кәсібі өзара тектес қауымдастықтардың бірігуінен 15-16 ғасырларда қалыптасқан ру-тайпалық бірлестік. Мұндай бірлестіктердің пайда болуына олардың шаруашылығы мен күнделікті күнкөрісінің сипаттары, сыртқы жаулардан қорғану, жаңа жерлерді игеру мақсаттары айтарлықтай ықпал еткен». Әрине, мұндай түсінікті тарихпен тығыз байланысы бар адам білуі мүмкін, бірақ кез келген адамның, әсіресе жас ұрпақтың, бұл сөзді дәл осы тұрғыда ұғына бермейтінін, тіпті оны басқаша түсінікте қабылдайтындардың да бар екенін жасыра алмаймыз. Сондықтан сөздікте молынан кездесетін осы тәріздес тарихи маңызы бар ұғымдарды оқушыларға түсіндіруде ұстаздың соған қатысты нақты фактілерді өзінің көбірек білуі тиіс. Қазақ халқының басынан өткен небір тарихи кезеңдердің шындығы ашылып жатқан қазіргі кезде мұғалімнің, тіпті ата-ананың да біліктілігі жағынан оқушыдан бір саты жоғары тұруы қажет-ақ.

Сөздіктің 3-«Табиғат» атты кітабында «өлара» сөзінің мағынасы туралы «аспан бұлтсыз болса да, ай бейнесі көрінбейтін екі-үш түндей кезең. Бұл кезең әдетте ескі (14 күн толған айдың) аяқталып, жаңа айдың басталу аралығындағы қараңғы түндер. Өларадан кейін жаңа айдың орағы сызаттанып көрініп, күн сайын көлемі жұмырланып өсе бастайды да, ал 7 күннен кейін оның дөңес жағы енді оңға қараған жарты дөңгелекке айналады. Осылай қайталана береді. «Өлара кезінде қыста – қарборан, жазда – жауын-шашын көп болады» деген наным бар» деп түсіндіріледі. Шынында, «айдың өларасы» туралы қарт кісілер мен табиғат сырларымен айналысатын арнайы мамандар болмаса, жастар жағының біле бермейтіні де анық. Сондықтан ұстаз оқушыларына аталған түсініктің шындық екенін дәлелдеу мақсатында әр айдың бітуі мен басталуы арасында аспан әлеміндегі өзгерісті бақылауды ұсынады. Бақылау қорытындысын талқылау арқылы оқушының шындыққа көзі жетеді, білім-білігі толыса түседі.

Сонымен осы азғантай деректердің өзі-ақ бұл сөздіктің адам білімін молайтуда қаншалықты маңызды екенін көрсетсе керек.

Әрине, сөздіктің тәрбиелік мәніне келер болсақ, бұл жағынан да еңбектің нағыз тәрбие құралы бола алатынына көз жеткізу қиын емес. Алаш ардақтыларының бірі, тұңғыш қазақша «Педагогика» оқулығының авторы М.Жұмабаев: «Тәрбие төрт түрлі: дене тәрбиесі, ақыл тәрбиесі, сұлулық тәрбиесі һәм құлық тәрбиесі. Егер де адам баласына осы төрт тәрбие тегіс берілсе, оның тәрбиесі түгел болғаны... Балам адам болсын дейтін ата-ана осы төрт тәрбиені орындасын...» дей келіп, баланың тәрбиесіз болуы тәрбиешіден деген қорытынды жасайды. Біз осылардың ішіндегі «ақыл және құлық» тәрбиелерін қосып «рухани тәрбие» деп атар болсақ, қазіргі кезде осы тәрбие түрінің осал тұстарының мол екенін де жасыра алмасақ керек. Олай болса, ата-аналар мен ұстаз-тәрбиешілерден балаларға осы тәрбие түрлерін молырақ егу талап етілетінін мойындаймыз және аталған еңбектің осы жолда таптырмас көмекші құрал бола алатынына кәміл сенеміз.

Еңбекте тәрбиелік мәні бар жеке сөздерді былай қойғанда, қаншама мақал-мәтелдер мен бишешендердің, ұлы адамдардың ұлағатты сөздеріне алуан түрлі мағыналық түсініктер беріледі. Ұғынуға оңай, қарапайым қазақы сөздермен берілген түсініктер жас ұрпақ тәрбиесіне әсер етпей қоймайтыны анық.

Сонымен академик Ә.Қайдардың «Этнолингвистикалық сөздігі» – жаңа қоғамды басқарып баянды ететін, ғылымның жетістіктерін молынан игерген, әсіресе, ана тілін терең меңгерген білімді де зерек, ақылды да адал азаматтарды даярлауда теңдесі жоқ құрал. Тек оны ұрпағының болашағы үшін дұрыс та түсінікті, пайдалы да маңызды болатындай қолдана білу еліміздің әр азаматының, әр отбасының міндеті деп есептейміз.

Жеңіс СӘДУАҚАСҰЛЫ,
филология ғылымының докторы, профессор,
Білім беру ісінің құрметті қызметкері

ТАҒЗЫМ

Қызылорда медициналық жоғары колледжінің ардагер-ұстазы, жарты ғасырға жуық жас мамандар даярлау ісіне еңбегін арнаған Оспанов Аманжол Әбжаппарұлының тәлім-тәрбиесі шәкірттерінің өміріне жол сілтер шамшырақ болды. Бір кездері тұлымшағы желбіреген жас балалар бүгінде тұлғалы, айтулы азаматқа айналды.

Фото: Ашық дерекқордан.

ШӘКІРТТЕРІН ШЫҢҒА БАСТАҒАН

Оспанов Аманжол Әбжаппарұлы 1941 жылдың 8 желтоқсанында Шиелі ауданында дүниеге келген. Әкесі Әбжаппар атамыз әскерге шақырылғанда кіндігінің байланғанына небәрі бір апта болған екен. Бар ауыртпалық анасы Тұрсынкүл әжемізге түсті. Бала Аманжол жеті жасынан бастап үлкендердің ізін басып, егіс алқабында жұмысқа араласты. Кішкентайынан зерек болып өскен бала мектепте оқып жүріп, жазусызуға қатты құмар болды. Әсіресе, әдебиет пәнін аса қызығушылықпен оқиды. Қойын дәптеріне қай жерде не көргенін, не үйренгенін жазып, естелік етіп жүрді. Сегізінші сыныпта оқып жүріп-ақ Шиелі аудандық газетіне мақала бере бастайды. Онысын бүкіл ауыл жинала оқитын.

Мектепті бірге бітірген кластастары тамыздың ортасында Алматыға жүргелі жатыр екен. Жүгін жинап жатқан Аманжолға әкесі «Құлыным, бетіңді қақпайын. Қалаған оқуыңа бара ғой», деп ақ батасын берді. Сөйтіп Шиеліден оқуға барған бір топ жігіттердің ішінен бірінші болып 1960 жылы Алматы медицина институтына түседі.

Провизор мамандығының бірінші курсында оқып жүріп-ақ, спортқа бет бұрды. Жатақханада қол күресінен күш сынасып тұратын. Бала күнінен әбден шыңдалған шымыр денелі Аманжол қатарлас жігіттерді қиналмай-ақ жеңіп жүрді. Денешынықтырудан беретін ұстазы дене бітімін, салмақ шамасын сырттай бақылап жүріп, бірінші курста еркін күреске баулыды. Міне, осы тұстан бастап спорттағы шеберлігі шыңдалып, еркін күресті айтарлықтай меңгерді, үзбей жаттықты.

Оқуын бітіргеннен кейін туған жеріне оралып, еңбек жолын Қызылордадағы №1 қалалық дәріханада провизор болып бастады. Бұл медучилищеде фармацевт мамандарды даярлау қолға алынып жатқан кезең еді. Алғашқы жылдары фармация пәнінің оқытушысы, онан кейін бөлім меңгерушісі қызметін атқарған Аманжол Әбжаппарұлы қай істе болмасын аса жауаптылығымен, іскерлігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен танылды. Оның қызметтегі әріптестеріне, әсіресе, жас оқытушыларға ақыл-кеңес беруде өзгеше қарым-қатынасы болатын. Спорт пен медицинаның егіз екенін Аманжол ағай шәкірттеріне үнемі үйретуден жалықпады, өзі медицинаны, соның ішінде фармакологияны терең меңгеріп, оны қажетті жерінде өз палуан шәкірттеріне оңтайлы қолдана білді.

1965-1985 жылдары ұстаз әрі жаттықтырушы Аманжол ағайдың тәлімгерлігімен медучилищеден еркін күрестен 200-ден астам КСРО спорт шебері, спорт шеберлігіне кандидат және I разрядты жігіттер шығып, олар 110 рет одақтық, республикалық жарыстардың жеңімпаздары, жүлдегерлері атанды. Кейбір шәкірттері медицина училищесін тәмамдағаннан кейін үлкен спортқа бет бұрып, бапкер мектебін әрі қарай шыңдап, өздері де Әлем, Азия чемпионаттарында табысты өнер көрсетіп жүрген жас палуандарды шығарып қазақ спортын асқақтатты.

Қырық бес жыл бойы медицина колледжінде абыроймен еңбек еткен, оның ішінде 18 жыл директордың орынбасары қызметін атқарған өте талапшыл, қатал бола тұра мейірімді, жүздің көңілін тапқан, Аманжол Әбжаппарұлының артында жұбайы Ұлжамал анамызбен бірге қыздары Ақнұр мен Гүлнар, ұлдары Мейірман мен Дастан, олардан тараған 9 немересі, 5 шөбересі өріс жайып келеді. Ұлағатты ұстаздың денсаулық сақтау саласына маман дайындаудағы еңбегі бағаланып, «За доблестный труд», «За трудовую доблесть» медальдарымен, ҚазССР Жоғары кеңесі және облыстық Халық депутаттар кеңесінің, Спорт комитетінің Құрмет грамоталарымен, «ҚР Денсаулық сақтау ісінің үздігі» төсбелгісімен және бірнеше Алғыс хатпен марапатталды. Ал 2018 жылы республикалық деңгейде аталып өткен Қызылорда медициналық жоғары колледжінің 90 жылдық мерейтойында оған «Ұлт қайраткері» төсбелгісі тағылды.

Әр адам қандай жетістікке жетсе де, білім берген ұстаздарын ерекше құрметтейді. Тарихта ақыл-парасаты мол тұлғалардың көпшілігі ұстазына ерекше құрметпен қарап, әрдайым ізетпен еске алғаны мәлім. Осындай құрмет ардагер-ұстазды еске алуға арналып, Қызылорда медициналық жоғары колледжінде «Шәкірттерін шыңға бастаған кемел ұстаз» атты рухани-танымдық кеш ұйымдастырылды. Аманжол Оспановтың медучилищені 1970-1990 жылдары бітірген жүзге жуық шәкірті еліміздің түкпір-түкпірінен бас қосып, «Мұз айдынында» еркін күрестен турнир өткізіп, тәлімгер тұлғаның рухына арнап Құран бағыштап, ас берді.

Халқымыздың сан ғасырдан бергі даналығындағы «Ұстазыңды атаңнан да әзіз тұт» деген сөзі тегін айтылмаса керек. Аманжол Әбжаппарұлының ұрпағы, тәлім-тәрбиесін бойға сіңірген шәкірттері, саналы ғұмырын арнаған медколледж ұжымы ғұмыр-ғибратын ұлықтауында негіз бар. Оның есімі білім шаңырағында шәкірттерін шыңға бастаған кемел ұстаз болып қала бермек.

Нұрлыбек ЕГІЗБАЙҰЛЫ,
Қызылорда медициналық жоғары колледжінің оқытушысы

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Қазақстан Республикасының әкімшілік аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының «Әкімшілік-аумақтық бірліктерге, елді мекендердің құрамдас бөліктеріне атау беру, оларды қайта атау, сондай-ақ олардың атауларының транскрипциясын нақтылау өзгерту кезінде тиісті аумақ халқының пікірін ескеру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 ақпандағы № 138 қаулысына сәйкес, 2024 жылғы 13 қаңтарда жергілікті уақыт 10:00-13:00 аралығында Талсуат ауылдық округінің идеологиялық тұрғыда ескірген, шартты атаудағы «Космонавт» көшесіне «Ыбырай Алтынсарин» есімін беру туралы ауыл тұрғындары арасында жергілікті қоғамдастық жиналысы өткізіледі.

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және аудандық басылымдарға жарнама орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

АВТОНАРЫҚ hәм ҚАУІПСІЗДІК

ШЕТЕЛДЕН КӨЛІКТІ КІМДЕР ӘКЕЛЕДІ?

Жыл аяғы жаңалық пен бірқатар өзгеріске толы болып тұр. Желтоқсан айынан бастап шыққанына үш жыл болмаған көліктерді Қазақстанға әкелудің жаңа ережесі күшіне енді. Мемлекеттік кірістер комитетінің мәліметінше, енді мұндай «темір тұлпарларды» көлік түрін бекіту құжатында ресми тізімге алынған адамдар ғана жеткізе алады.

Ашық дерекқор негізінде дайындаған К.Оразбаев

Бұл құжат көлік құралының техникалық регламент талаптарына сәйкестігін растайды. Бұрын декларацияланған кез келген тұлға автокөліктерді импорттай алатын еді. Алайда қазір импорт құқығы осы құжатта тікелей көрсетілгендерге ғана сақталады. Бұл өзгерістер Кедендік одақтың техникалық регламентіне сәйкес белгіленді және Қазақстанға автокөліктерді әкелуді оңтайландыруға бағытталған. Облыстық мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Қуанышбек Бекшиннің айтуынша, өнімнің декларанты көлік құралдарының типін мақұлдауда көрсетілген тұлға болған жағдайда ғана пайдалануға болады.

– Мысалы көлік құралдарының типін мақұлдау құжаты тек сериялық өндіріске және заңды тұлғаларға, бір автокөлік құралына емес, сол сериямен өткен барлық көлік құралдарын әкелуші заңды тұлғаға беріледі. Бұл биыл 1 желтоқсаннан бастап енгізілгенін және тек қана заңды тұлғаларға қатысты екенін айта кетейік, – деді ол.

«ОРТАША ЖЫЛДАМДЫҚ» ҰҒЫМЫ ЕНГІЗІЛДІ

Халықаралық және республикалық жолдарда орташа жылдамдықты асырған көлік жүргізушілеріне айыппұл салынады. Бүгінде кейбір көлік жүргізушілері республикалық маңызы бар жолдарда қатты жүреді. Ал камераларға жақындағанда жылдамдықты азайтады да, өтіп кеткеннен кейін қайта екпіндетеді. Соның салдарынан жол-көлік апаттары орын алып жатады.

Өткен жылдың 3 қазанында Мемлекет басшысы халықаралық және республикалық маңызы бар жолдармен жүретін барлық жүргізушілерге қатысты бағытталған жаңа талаптарды белгілейтін заңға қол қойып, ол биыл 4 желтоқсан күні күшіне енді. Заңға «Орташа жылдамдық» ұғымы енгізілген.

– Бұл өзгерістердің негізгі мәні – автоматты түрде тіркеу жүйелері анықтайтын түзу сызықты учаскелерде орташа жылдамдықтан асып кеткені үшін жауапкершілік енгізу. Орташа жылдамдық жүріп өткен жолды сол жолды жүріп өткен уақыт аралығына бөлу арқылы есептеледі. Айыппұл рұқсат етілген орташа жылдамдықтан асып кетуіне байланысты 5-тен 40 АЕК-ке дейін болады. Жолдың әртүрлі учаскелерінде орташа жылдамдық әртүрлі болады, себебі формулаға сәйкес әр автокөлік автоматты түрде есептеледі. Бұл жаңалық талдауды ескере отырып енгізілді, себебі қала маңындағы трассалардағы әрбір үшінші адам жылдамдық режимінің асып кетуінің салдарынан көз жұмған. Орташа жылдамдық Қызылорда облысы аумағынан өтетін халықаралық, республикалық маңызы бар М 32 «Самара-Шымкент» бағытындағы автожол бойында орнатылған «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-ның «ZEREK-2» бағдарламалық-аппараттық кешендері арқылы жүзеге асырылады. Бүгінде бақылауды күшейту үшін 3 «ZEREK-2» бағдарламалық-аппараттық кешені белгіленген жылдамдық режимін асырған автокөліктерді анықтауда, – деді облыстық полиция департаменті әкімшілік полиция басқармасы бастығының орынбасары Нүркен Бақтияров.

Жылдамдық өлшейтін мұндай құрылғы «Самара-Шымкент» жолының «Бірқазан» елді мекені тұсы қаланың оңтүстікке шығаберісінде, Бәйгеқұм» ауылының және «Сунақата» ауылының тұсында орнатылған.

МОПЕДТІҢ БАРЛЫҚ ТҮРІ ТІРКЕЛЕДІ

Заңнама бойынша сағатына 50 шақырым жылдамдықтан аса жүре алатын мопедтер ғана тіркеуге жататын болса, енгізілген өзгерістерге сәйкес, енді барлық мопед тіркеліп, мемлекеттік белгі мен тіркеу туралы куәлік беріледі.

Қозғалтқыш көлемі 50 текше сантиметрден аспайтын, электр қозғалтқышы бар, жылдамдығы сағатына 50 шақырымнан аспайтын мопедтер де тіркеледі. Ол 2025 жылдың 4 сәуірінен бастап жүргізіледі.

Мопедтерді 16 жастан бастап берілетін А1 санаты бар және А,В санаты бар барлық жүргізуші басқара алады.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»

ӘДЕБИ АЛАҢ

«ЖАУҚАЗЫН ЖҮРЕК»

Облыстық «Дарын» қосымша білім беру орталығының ұйымдастыруымен «Жауқазын жүрек» атты облыстық балалар шығармашылығын дамытуға арналған көшпелі әдеби алаңы жыл бойы түрлі тақырыпта әр ауданда ұйымдастырылып келді. Ал қорытынды іс-шарасы Жаңақорған ауданы Амангелді Абдуллаев атындағы зияткерлік мектебінде өтті. Бұл жолғы тақырып сатира жанрына арналды. Әдебиетті сүйетін жас талапкерлер қызығушылығын арттырған іс-шараға облыс орталығы мен аудандардан 40 таңдаулы оқушы қатысты.

Жаңақорғанда ұйымдастырылған қорытынды сайыста жеткіншектер «Сөз сойылдың» Балғабек Қыдырбекұлы атындағы сыйлық иегері, республикаға танымал сықақшы Нұрмахан Елтайдың шығармалары бойынша танымдық жұмыс жасады.

«Дарын» облыстық қосымша білім беру орталығы директорының орынбасары Гүлжақан Ізбасарова жас толқынның ой-өрісін байытып, байыпты бағыт түзуіне жанды ықпал ететін іс-шараға ықылас танытқан ізденімпаз шәкірттерге сәттілік тіледі.

Талапкерлер сайыс шартының бірінші бөлімінде Нұрмахан Елтайдың «Ауылға әкім келді», «Осылай да ойнай ма екен?» деген шығармалары бойынша оқиғаны одан әрі өрбітіп, диалог құруға тиіс болды. Автордың құм ішіндегі шалғай ауыл тұрғындарымен кездесуге келген ел жағдайынан мақұрым басшының ауыл халқының алдында әжуаға қалатын күлкілі көрінісін жас талапкерлер өздігінше өрбітіп, ой саларлық жақсы дүние жасады.

«Талантты жеткіншектеріміздің ойлау қабілеті мен оқиғаны өрістетіп алып кететін қиял-пайымына тәнті болдым. Бұл – күнделікті ізденіс пен ұстаздарының берген білімінің жемісі. Жастарымыздың арасынан талай дарындылардың әдебиет әлеміне өз соқпағын саларына сенемін», – деді шығарма авторы.

Қорытындысында өнерлі ұландарға Алғыс хаттар мен автордың кітаптары сыйға берілді. Жаңақорған аудандық білім бөлімі басшысының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Мира Жандарбекова, бөлімнің қазақ тілі мен әдебиеті пәні әдіскері Ақжарқын Бабаджановалар аудандардан келген әріптестеріне ризашылық білдірді.

«СБ» ақпарат

«QAMQOR» ҰЯЛЫ ҚОСЫМШАСЫ

Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті кәсіпкерлерге арналған «Qamqor» ұялы қосымшасын іске қосып, аталған қосымша қазіргі уақытта қарқынды жұмыс жасауда.



Негізгі жаңашылдығы ретінде тексеру тағайындау туралы актіде көрсетілген QR кодты оқитын функционалы болып табылады. Кәсіпкер аталған кодты сканерлеп, тексерушінің тексеру мерзімі мен түрі туралы және т.б. нақты ақпаратты көріп, қағаз үлгідегі актісімен салыстыра алады.

Сондай-ақ кәсіпкер хабарламаны алған соң, талаптарымен таныса алады.

Аяқталған соң, қосымша арқылы көрсетілген бұзушылықтар туралы тексеру қортындысымен таныса алады.

Ұялы қосымшада тағайындалған тексеру туралы хабарлау және тексерушінің іс-әрекетіне шағымдану үмкіндігі қарастырылған.

Жалпы бұл қосымша 2017 жылдың наурызынан бастап қолданысқа енгізілген және мемлекеттік бақылау мен қадағалаудың ашықтығын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Ғ.ТІЛЕУЖАН,
Азаматтық және әкімшілік салалардағы құқықтық ақпаратты қалыптастыру бөлімінің аға прокуроры

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Кызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе:
70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.

E-mail: smjarnama@mail.ru

ХАБАРЛАНДЫРУ

Тегін есту диагностикасы. Есту аппараттары. Қабылдауды Астана қаласының маманы жүргізеді. 17-18-19 желтоқсан аралығында тек 3 күн. Дыбыстардың жаңа әлемін ашу мүмкіндігін жіберіп алмаңыз!

Біздің мекен-жайымыз:
Қызылорда қаласы, Бұхарбай батыр көшесі, 58.
Байланыс тел.: 8 771 085 00 58.

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы басшылығының жеке және заңды тұлға өкілдерін қабылдаудың 2025 жылға арналған КЕСТЕСІ

Қабылдаушының аты-жөні	Қабылдаушының лауазымы	Қабылдау күні мен уақыты	Мекеменің мекен-жайы	Байланыс телефоны	Сенім телефоны
Апетов Ерсұлтан Амантайұлы	Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының басшысы	Сәрсенбі, сағат 15.00-18.00	Қызылорда қ., М.Шоқай көшесі, №150Е	20-15-88	8/7242/ 20-15-87
Сыздықов Есенгелді Серікұлы	Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясы басшысының орынбасары	Жұма, сағат 15.00-18.00	Қызылорда қ., М.Шоқай көшесі, №150Е	20-15-83	8/7242/ 20-15-87

2025 жылғы 1-тоқсанға арналған Қызылорда облысының Әділет департаменті басшысының және басшы орынбасарларының жеке және заңды тұлғалардың өкілдерін жеке қабылдау К Е С Т Е С І

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ә	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін тұлғаның лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік органның, ұйымның орналасқан жері	Байланыс телефоны, электрондық мекен-жайы
Қызылорда облысының Әділет департаменті	Бакишева Ирина Джумабаевна	Қызылорда облысының Әділет департаментінің басшысы	сәрсенбі, жұма күндері сағат 15:00-ден 18:00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 52 1 қабат	тел: 8 /7242/ 23-10-51 23-10-09 i.bakisheva@ adilet.gov.kz
	Оразгелді Ұзақбай	Қызылорда облысының Әділет департаменті басшысының орынбасары	күнделікті сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 52 1 қабат	тел: 8 /7242/ 23-10-50 u.orazgeldi@ adilet.gov.kz
	Асадинұлы Жамбыл	Қызылорда облысының Әділет департаменті басшысының орынбасары	күнделікті сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін	Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 52 1 қабат	тел: 8 /7242/ 23-10-16 zh.assadinuly@ adilet.gov.kz

Ескертпе: Аудандардан және басқа облыстардан келген жеке және заңды тұлғалардың өкілдері күнделікті сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін қабылданады.

Газеттің келесі нөмірі 19 желтоқсан, бейсенбі күні шығады

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyi_kz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ
қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”. | e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz | Таралымы 23079 | Тапсырыс №1961 | Кезекші редактор **Шынар БЕКБАН**